- қазақ тілін оқыту барысында пәнішілік, пәнаралық, интеграциялық байланыстарды жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері, сол арқылы оқушылардың логикалық ойлауын, дүниетанымын жетілдіру жолдары;
- қазақ тілін оқыту барысында сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу әдістемесі.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі дәріс, семинар-тренингтер, практикалық сабақтар, студенттердің жобаларды орындау арқылы және арнаулы семинар сабақтарды ұйымдастыру барысында меңгертіледі. Сонымен бірге студенттердің СӨЖ/СОӨЖ, бақылау жұмыстары, дипломдық жұмыс жазуы арқылы әдістемелік білімін жетілдіру көзделеді.

Педагогикалық практика барысында мектептермен тығыз байланыс жасай отырып, студенттер пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысады, соның негізінде әдістемеден алған теориялық білімі практикамен сабақтастыра меңгереді. Студенттерге қазақ тілін және басқа тілдерді оқыту бойынша оқу-құралдар мен әдістемелік әдебиеттер картотекасын түзу және т.б. жұмыстар тапсырылады және оқытушы тарапынан қадағаланып, бағаланады.

Дәрісте қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негізі, ғылыми-теориялық мәселелері, тарихы мен дамуының жаңа тенденциялары, басым бағыттары және т.б. қарастырылады. *Семинар сабақтарында* қазақ тілін оқытудың әдістері, сабақтың түрлері мен формалары үйретіледі, нақты әдістемелер мен оқытудың инновациялық технологиялары талданады. Әдіскерлер мен мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибелерімен танысады, оларға талдау жасалады, студенттер өзіндік көзқарасын білдіруге дағдыландырылады. Оқу-әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жасауға төселдіріледі, қазақ тілі сабақтарының мазмұндық-құрылымдық жүйесі танытылады.

Студенттер қазақ тілін оқыту әдістемесінің әдіснамалық, теориялық, дидактикалық мәселелерін меңгеріп және озық тәжірибелерді үйрену барысында болашақ кәсібіне қажетті білім-біліктерді игереді, кәсіби дағдылары қалыптасады. Қазақ тілі мұғаліміне керекті негізгі кәсіби біліктерге мыналар жатады:

- мектептің әр сатысындағы (бастауыш, негізгі және бейіндік) қазақ тілін оқытудың мақсат-міндеттерін түсінуі және олардың ортақ талаптары мен ерекшеліктерін ажырата алуы;
- әрбір сынып оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктерін баланың тұлғалық қабілеттерімен байланыстыра білуі;
- әр сабақтың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарын белгілеп, оларды толыққанды жүзеге асыру жолдарын меңгеруі;
- сабақты тиімді жоспарлай алуы;
- оқушының білім, білік, дағдысын тексеру құралдары мен өлшемдерін сауатты қолдана алуы;
- оқу-танымдық үрдістің заңдылықтарын негізге ала отырып, оқушының танымын кеңейтетін, логикалық ойлауын, тілін дамытатын әдістер мен тәсілдер жүйесін дамытатын инновациялық технологияларды ұтымды қолдануы;
- қазақ тілінің құндылықтық бағдарына басымдылық бере отырып оқытуды жүзеге асыра алуы;
- қазақ тілі туралы оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастырудың жолдарын, амал-тәсілдерін қолдана алуы;
- оқушының қазақ тілін оқу мотивтерін анықтап, оларды дамыта алуы;
- сабақты интеграциялық тұрғыдан жүзеге асыруы;
- қазақ тілі кабинетін заман талабына сай жабдықтауы;
- сабақ сапасын арттырудың жолдары таба алуы;

- сабақтан тыс жұмыстарды нәтижелі ұйымдастыруы;
- пән бойынша күтілетін түпкі нәтижелерді күзiреттiлiк тұрғысынан қалыптастыруы.

«Қазақ тілін оқыту әдістемесі» курсын оқу барысында студент пәнді меңгерудің әдіснамалық негіздері мен әдістемелік жүйесін, зерттеу бағыттары мен әдістерін саралап тани алуы керек. «Қазақ тілі» пәні нәтижелерін сандық және сапалық тұрғыдан талдай білу дағдылары да осы курсты оқу барысында қалыптастырылады. Пәнді оқу үдерісінде ақпараттық технологияны дұрыс қолдану дағдыларын игереді.

Сонымен қатар, қазақ тілін оқыту әдістемесінің осы кезге дейінгі жинақталған бай мұрасын студенттер танып-біледі. Қазақ тілі әдістесі ғылымының негізін қалаған А.Байтұрсынұлы, педагогикалық психологияның іргетасын қалыптастырған Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаевтардың, Т.Шонанов, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтардың және т.б. отандық және шетелдік ғалым-әдіскерлердің еңбектері мен жаңа бағыттағы зерттеулерін арнаулы курс ретінде оқыту ұсынылады. Мұндай арнаулы курс студентке тіл теориясын да, әдістемені де терең меңгертуге көмектеседі.

«Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінің мазмұндық-құрылымдық жүйесінде студенттерге тілдік қатысым теориясын, тіл бірліктерінің табиғатын таныту көзделеді.

Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектептерге «Сөз мәдениеті», «Шешендік өнер» пәндері енгізілді. Сондықтан оларды оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері де курс мазмұнында қарастырылады.

«Қазақ тілін оқыту әдістемесінен» жүргізілетін дәрістік курс

1. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: әдіснамалық негіздері

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының зерттеу нысаны мен пәні. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – қолданбалы ғылым және жеке пән. Қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттеудің эмпирикалық және теориялық бағыттары. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің жүйелік табиғаты және оны тану жолдары.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздері, оның философия, логика, психология, педагогика, ақпараттық педагогика, кибернетика және т.б. ғылымдарымен байланыстылығы. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің мақсаты мен міндеттері, мазмұны.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихи қалыптасу және даму жолдары. Әдістемелік мұра және оны танып-талдау әдістері мен жолдары. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің классиктері – Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Қ.Басымов, Ғ.Бегалиев, Ш.Х.Сарыбаев және т.б. еңбектерінің маңызы.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі дамуындағы А.Ысқаков, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, К.Аханов, Х.Арғынов, Ы.Маманов, Д.Әлімжанов, А.Әбілқаев, И.Ұйықбаев, Н.Оралбаева, Б.Кәтембаева, Б.Құлмағамбетова, М.Дүйсебаева, Ә.Исабаев, С.Қазыбаев және т.б. ғалымдар еңбектерінің орны.

Қазақ тілі – мектепте оқылатын негізгі пән. Пәндер жүйесіндегі орны мен маңызы. Қазақ мектебіндегі қазақ тілі пәнін ана тілі ретіндегі феномендік ерекшелігіне байланысты оқыту заңдылықтары. Қазақ тілі пәнінің білім берудегі тәрбиелік, дамытушылық маңызы.

Әдістеме – қоғамдық ғылым. Әдістеме ғылымының философиямен байланысы. Жеке тұлға қалыптастырудың аспектілері. Тілдің ойлау және таныммен байланысы.

Әдістеменің психологиямен байланысы. Қазақ тілі бойынша оқу материалын меңгертуде баланың жас және дара ерекшеліктерін ескерудің маңызы. Тілдік қабілет – дамыта оқытудың негізгі компоненті. Білім, білік, қабілет, дағды және т.б. ұғымдардың мәні.

«Қазақ тілін оқыту әдістемесінің» лингвистикалық, педагогикалық, әлеуметтік,

когнитивтік негізі.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі – педагогика ғылымының бір саласы ретінде оның бүкіл құрылымдық жүйесін, жеткен жетістіктерін басшылыққа алады. Дидактикалық ұстанымдар – оқытудың мазмұнын ұйымдастыру түрлерін, әдістерін, оқытудың мақсаты мен заңдылықтарына сай анықтайтын қағидалар жүйесі. Оқыту үрдісінде кез келген мұғалім дидактиканың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, оқытудың мазмұнын, оқыту үрдісінің ұйымдастыру формалары, әдістерімен бірге тығыз байланыстыра келе, оқушылардың тұтас диалектикалық дүниетанымын, білімін қалыптастыруға тікелей әсер етеді.

Қазақ тілін оқытудың негізгі дидактикалық ұстанымдары (сипаттама): білім берудің дамытушылық және тәрбиелік сипаты. Қазақ тілін оқытудың арнайы ұстанымдары: жалпы әдістемелік (экстралингвистикалық, құрылымдық, құрылымдық-семантикалық, деңгейаралық, стилистикалық, тарихи) және жеке әдістемелік (тілдің жекелеген тақырыбының ерекшеліктерінен туындайтын ұстанымдар). Бұлардың өзара байланыстылығы мен сабақтастығы.

Қазақ тілін оқытудың жаңа тенденциялары, парадигмалары, қағидалары мен бағыттары

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі білім алушылардың тұлғалық, коммуникативтік, мәдени-танымдық қабілеттерін қалыптастыру үдерісінде ана тілінің атқаратын рөлі. Қазақ тілін оқыту үдерісінде білім алушылардың қоғамдық-әлеуметтік ортада өмір сүруіне қажетті, олардың интеллектуалдық қасиетінің көрсеткіші саналатын тілдік-танымдық құзіреттері мен елжандылық рухын қалыптастыру. Қазақ тілін оқытудың ғылыми негіздерін тілдік қатынас, қатысымдық-когнитивтік, сөз мәдениеті және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру теориялары. Тілдік қатынас теориясы тілді оқыту барысында сөйлесім әрекетінің түрлерін: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім процестерін кешенді жүзеге асыруға ғылыми негіз болатыны. Қазақ тілінің бірліктерін тілдік әрі қатысымдық тұрғыдан меңгерту, оның мәдениеттанымдық, қатысымдық, әлеуметтік, кумулятивтік қызметтеріне сай жұмсалып жолдарын игерту.

Қазақ тілін оқытудың парадигмалары – тілді коммуникативтік-когнитивтік тұрғыдан меңгертуге тірек болатын жаңартылған негіздемелер. Антропоэзектік парадигманың тілдік білім арқылы адамзаттық өркениет пен ұлттық руханиятты бірлікте меңгеру мәселесіне басымдылық беруге бағытталатыны. Интеграциялық білім беру парадигмасының білім алушының дүниетанымын кеңейтуге бағытталатыны. Танымдық білім беру парадигмасы, оның оқушының танымдық әлеуетін коммуникативтік құзіреттіліктермен өзара сабақтастықта жетілдіруге бағытталуы. Аксиологиялық парадигманың білім алушыға өз білімінің, өмірінің мәнін сезіндіруге бағытталатыны. Білім беруді ізгілендіру парадигмасы – білім мазмұнын материалдық және рухани құндылықтарды тіл арқылы танытудың негізі. «Қазақ тілі» пәнін оқытудың қағидалары – оқу үрдісінің мазмұнын, ұйымдастыру түрлері мен әдістерін, оның жалпы мақсаттары мен заңдылықтарын анықтайтын негізгі ережелердің жиынтығы. Білімнің үздіксіздігі қағидасы, Мәдениет, ойлау, тіл бірлігін жүзеге асыру қағидасы, Білімнің мотивациялық сипатын арттыру қағидасы, Өмірлік дағдыларды жетілдіру қағидасы, Құзіреттілік қалыптастыра оқыту қағидасы, Табиғилық қағидасы, Білім алушыны тұлға деп тану қағидасы, Тілдің әлеуметтік мәнін арттыру қағидасы, Білім беруді демократияландыру қағидасы.

Қазақ тілін оқытуға арналған базалық-нормативтік құжаттар

«Қазақ тілі» пәніне арналған бағдарламалар – қазақ тілін нақты нәтижелерге жеткізуге тиісті пәннің мазмұнын, игерілетін білім, білік және дағдылар көлемін, сондай-

ақ оқыту жылдары бойынша бөлінген тақырыптарды анықтайтын базалық-нормативтік құжат.

Қазақ тілі бағдарламасы. Бағдарлама – мемлекеттік құжат. Бағдарламаның линиялық және концентрлік түрлері, олардың өзара айырмашылықтары.

Сабақ барысындағы жоспардың түрлері және оның маңызы. Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар. Орта мерзімді жоспардың SMART мақсатқа негізделуі. Негізгі пәндік құзіреттіліктер, ресурстар мен оқытудың әдіс-тәсілдері мен формаларының айқындалуы. Бағалау критерийлерін қамтуы. Қысқа мерзімді жоспар, оның өзіндік ерекшелігі. Әр сабақтың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттарын, бағалау критерийлерін, негізгі түсініктер, қолданылатын материалдар, әдістер мен дерек көздерді қамтуы.

Қазақ тілі бойынша жұмыстарды жоспарлау. Оқу материалын жоспарлаудың мақсаты мен міндеттері. Қазақ тілі мұғалімінің күнтізбелік, тақырыптық-күнтізбелік және сабақ жоспарлары.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу-әдістемелік кешені

Қазақ тілі пәніне арналған оқу-әдістемелік кешен: бағдарлама, оқулық, мұғалімге арналған әдістемелік нұсқау, оқу кітабы, жаттығу, диктант пен мазмұндамалар жинағы, сынақ, емтихан сұрақтары, тест тапсырмалары, оқушыларға арналған хрестоматиялар, сөздік және дидактикалық материалдар, тірек-сызбалар және т.б.

Қазақ тілі оқулығы. Оқулықтың негізгі атқаратын қызметі: ақпараттық, трансформациялық, жүйелілік, тәрбиелік. Оқулықтың жасалу теориясы, оқулықтың жүйелік-құрылымдық сипаты. Қазақ тілі оқулықтарының даму жолы және олардағы теориялық және практикалық материалдардың берілуі. Жаңа буын оқулықтарының ерекшеліктері. Теориялық материалдардың берілу логикасы. Оқулықтың ғылыми және әдістемелік деңгейлерінің үйлесімділігі. Бағдарлама мен оқулықтың сәйкес болуы. Қазіргі кезеңдегі электрондық оқулық, оның өзіндік ерекшеліктері. Жаттығулардың түрлері, оларды оқулықтарда орналастыру жүйесі.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың түпкі нәтижелері – құзіреттіліктер

Құзіреттілік түрлері: тілдік құзіреттілік, кәсіби, проблемалардың шешімін табу құзіреттілігі, ақпараттық құзіреттілік, қатысымдық құзіреттілік, танымдық құзіреттілік, әлеуметтік-тұлғалық құзіреттілік.

Пән бойынша меңгерілетін құзіреттіліктер, олардың өзіндік ерекшеліктері. Тілдік құзіреттілік, оның тілдік қарым-қатынас барысында жағымды жағдаят қалыптастыру; қарым-қатынас үдерісін психологиялық басқаруды жүзеге асырудағы рөлі. Кәсіби құзіреттілік, болашақ маманның кәсіби қызметін жоғары деңгейде атқаруына қажетті дағдыларды иегеруі. Қазақ тілі оқыту әдістемесінің қазіргі жағдайы, басқа ғылым салаларымен интеграциялануы, оның даму болашағы мен оқытудың әдістемелік негіздері туралы түсінігі. Проблемалық құзіреттілік, алға қойған мәселелерді шеше алу қабілеті. Ақпараттық құзіреттілік, ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу қабілеті. Қатысымдық құзіреттілік, студенттің сөйлеу кезінде өзіне қажетті бағдарламаларды тандап алуы мен іске асыру қабілеттілігі. Танымдық құзіреттілік, оның білімдер жүйесінің бірлігінен тұратындығы. Әлеуметтік-тұлғалық құзіреттілік, болашақ маманның сынға және өзін өзі сынауға қабілетті болуы, өзін өзі жетілдіруі, өзінің білімін көтеруі, өзінің жеке мүмкіншіліктерін зерттеу, ішкі ресурстарын дамытуы және т.б.

Қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары

Педагогикадағы оқыту технологиясы мен білім сапасының өзара сабақтастығы. Қазіргі уақыттағы әдістеме ғылымындағы жаңалықтар. Оқыту технологиясының білім берудің тиімді жолдарын зерттейтін ғылым екендігі.

Білім берудің инновациялық технологиялары туралы түсінік. Білім беру технологиясы туралы зерттеулер мен анықтамалар. Білім беру технологияларын әдіскер-ғалымдардың жіктеуі. Білім беру технологиясының жіктелуі: тұлғалық-бағдарлы білім беру технологиялары; дамыта оқыту технологиялары; ұжымдық өзара оқыту технологиялары; проблемалық оқыту. Блум токсономиясы. Ш.А.Амонашвилидің тұлғалық-ізгілендіру технологиясы. Дальтон технологиясы. Ф.Ш.Оразбаеваның қатысымдық тұрғыдан оқыту технологиясы. В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы. В.М.Монаховтың педагогикалық технологиясы. В.К.Дьяченконың ұжымдық оқыту технологиясы. Интерактивтік оқыту технологиясы бойынша орындалатын жұмыстар туралы түсінік. Дебат технологиясы. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. М.М.Жанпейісова, модульдік технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы және т.б.

Қазақ тілін оқытудың формалары, интерактивтік әдістері

Әдіс – көп сатылы құбылыс. Әдіс туралы түсінік. Әдіс, тәсіл, амал ұғымдары. Дидактикалық әдістер және оларды классификациялау туралы көзқарастар. Педагогикалық зерттеу әдістері. Оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру әдістері. Оқу-танымдық қызметті бақылау мен бағалау әдістері. Теориялық әдістер. Лингвистикалық әдістер және олардың қазақ тілін оқытуда қолданылуы. Қазақ тілін оқыту әдістері. Әдіскер-ғалымдардың қазақ тілін оқыту әдістерін жіктеу туралы тұжырымдары. Интерактивті әдістер, олардың түрлері мен оқыту үдерісінде қолданысы. Интерактивті әдістердің білім алушылардың түрлі топтық, жұптық, ұжымдық тапсырмаларды орындау барысындағы өзара әрекетін ұйымдастырудың тиімді жолы ретінде қолданылуы. Ұжымдық («Дөңгелек үстел», ойталқы, пікіралмасу, іскерлік ойындар), топтық (рөлдік ойындар, ойкөкпар, пікірсайыс, тренинг) және дербес орындалатын жұмыстарды (синектика, деңгейлік тапсырмалар, өздік жұмыстар, шығармашылық жұмыстар) ұйымдастырудың жолдары.

Қазіргі білім беру үдерісінде қолданылатын оқыту стратегиялары мен тренингтер. Жекелеген тақырыптардың ерекшеліктерінен туындайтын әдістер.

Сабақ – мектептегі негізгі оқу формасы. Қазақ тілі сабағын әр түрлі тұрғыдан классификациялау. Сабақтың түрлері және оны жүзеге асырудың амал-тәсілдері. Дәстүрден тыс сабақтардың оқушы қызығушылығын арттырудағы рөлі. Оның ішкі құрылымы мен жүйесі.

Қазақ тілін оқытудың басқа түрлері және оларды жүргізу ерекшеліктері: вариативтік: мектеп компоненті мен оқушы компоненттеріне арналған сабақтар және сабақтан тыс жұмыстар.

Оқушылардың қазақ тілі бойынша білім нәтижесін бақылау қызметі мен міндеттері. Ағымдық, күнделікті, қорытынды бақылауларды ұйымдастыру, критерийлер мен баға нормалары.

Қазақ тілін тереңдете оқыту. Қазақ тілін тереңдете оқытудың мақсаты мен міндеттері. Тереңдете оқылатын қазақ тілі бағдарламасын жасауда оқушының даму ерекшеліктерін негізге алу. Тереңдете оқытудағы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық білім мазмұны. Орта мектепте оқылатын қазақ тілі бағдарламасымен байланыстылығы.

Қазақ тілін оқыту құралдары – әдістемелік категория. Қазақ тілін оқыту құралдарының классификациясы.

«Қазақ тілі» пәнін функционалдық сауаттылық тұрғысынан меңгерту талаптары

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Функционалдық сауаттылықтың нәтижеге бағдарланған оқыту жүйесінде әрі күзиреттілік, әрі түпкілікті нәтиже болып саналатыны. Білім, білік, дағдылардың бірлігі. Білімнің өмірмен байланысы. Тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру мен практикалық дағдыларды меңгеруімен байланыстылығы. Тілдің интеллектуалдық әлеуетті жетілдірудің құралы екендігі. Тіл мен танымның, тіл мен мәдениеттің, тіл мен әдебиеттің байланысын функционалдық тұрғыдан меңгертудің мәні. Тілдің прагматикалық, кумулятивтік қызметі және т.б қызметтері.

Қазақ тілінің лексикологиясын оқыту әдістемесі

Қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясын оқытудың мақсаты мен міндеттері. Берілетін білім мазмұнының көлемі мен мөлшері. Қазақ тілінің лексикологиясы – қазақ тілінің сөздік құрамын (лексикасын) тексеретін ғылым. Сөз және оның түрлі мағыналарын талдай білу дағдылары. Лексикалық ұғымдар және оларды меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдер. Оқушы тілінде байқалатын лексикалық қателер және оларды болдырмау жолдары. Лексика-фразеологиялық жаттығулардың типологиясы. Лексика сабақтарында мәтінді талдау. Лексикалық бірліктердің мәтін жасау рөлімен таныстыру.

Лексикалық норма. Оқушылардың түсіндірме, фразеологиялық, синонимдік және т.б. сөздіктермен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. Лексиканы оқытуда көрнекілік пен сөздіктерді қолдану жолдары. Лексиканы меңгерту барысында оқушыда қалыптастырылуы тиіс білік-дағдылар.

Фразеологияны меңгерту барысында ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін таныту. Фразеологияны оқытуда көрнекі құралдар, қосымша әдебиеттерді пайдалану жолдары.

Қазақ тілінің фонетикасын оқыту әдістемесі

Фонетика – тіл білімінің дыбыстық жүйесін зерттейтін саласы. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін меңгертудің жолы. Мектепте фонетиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері. Фонетикадан берілетін білім мазмұны мен меңгерілетін ұғымдардың жүйесі. Мектепте фонетиканы оқыту мәселесі. Фонетиканы оқыту ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері. Фонетикалық талдау. Фонетикалық жаттығу және оның негізгі түрлері. Фонетиканы оқытумен байланысты орфоэпиялық және орфографиялық дағдылардың қалыптастырылуы. Оқушылардың орфоэпиялық және орфографиялық сөздікпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Фонетикалық диктанттар.

Сөзжасамды оқыту әдістемесі

Мектепте сөзжасамды оқытудың маңызы, мазмұны, міндеттері мен ұстанымдары. Сөзжасам – жаңа сөз жасаушы морфемаларды зерттеуші ғылым саласы. Сөзжасамды сөз таптарымен, орфографиямен, тіл мәдениетімен және стилистикамен байланыстыра оқыту. Жаттығулар жүйесі. Сөзжасамдық норма. Сөздерді сөзжасамдық және морфемдік талдаудың әдістемесі. Сөзжасамды оқытуда көрнекі құралдар мен техникалық құралдарды, сөздіктерді пайдалану.

Грамматиканы (морфология, синтаксис) оқыту әдістемесі

Мектепте грамматиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері. Мектепте оқылатын грамматикалық ұғымдар, оларды меңгерту әдістері. Грамматикадан берілетін эмпирикалық және теориялық білім мазмұны мен көлемін анықтау. Грамматикалық дағды, оның түрлері. Грамматикалық қатемен жұмыс жасау әдістемесі.

Грамматикалық талдау әдістемесінің теориялық негіздері. Талдаудың түрлері. Грамматикалық терминдер.

Морфологияны оқыту әдістемесі

Морфологияны оқытудың мақсат, міндеттері мен жалпы әдістемелік ұстанымдары. Морфология – сөз және оның грамматикалық көрсеткіштері туралы ілім. Орта мектепте морфология курсынан берілетін білім мазмұны және қалыптасатын қабілет пен дағды. Морфологияны оқытудың жеке әдістемелік ұстанымдары: лексика-грамматикалық, парадигматикалық, морфология-синтаксистік.

Мектепте морфологияны оқытудың ғылыми-практикалық маңызы. Морфологияның оқушылардың логикалық ойлауын дамытудағы рөлі. Морфологияны теориялық деңгейде оқытудың практикалық іскерлікті дамытудағы маңызы.

Негізгі морфологиялық ұғымдар. Сөз таптары ұғымының ішкі мазмұнын танытудың жолдары. Атауыштық сөздер мен көмекші сөздерді оқытудың өзіндік ерекшеліктері. Морфологияны оқытуды синтаксистік негізде жүргізудің маңызы. Морфологиялық талдау, оны жүргізу әдістемесі. Грамматикалық қателер, оны болдырмаудың жолдары. Морфологиялық жаттығулар, оларды қолдану жолдары. Морфологияны оқытудағы көрнекілік пен қосымша оқу құралдар жүйесін пайдалану әдістемесі.

Синтаксисті оқыту әдістемесі

Синтаксис – грамматиканың бір бөлігі. Сөз тіркесі және сөйлем синтаксисінен берілетін білім мазмұны. Сөйлемнің түрлерін оқытудың жолдары. Мәтін синтаксисі, мәтінмен жұмыстың түрлері. Қатысымдық синтаксис мәселесі, оның оқушы тілін дамытудағы рөлі.

Мектепте оқылатын синтаксистік ұғымдар және оны меңгерту әдістемесі. Синтаксистік байланыстар мен қатынастардың оқушының сөйлеу мәдениетін дамытудағы маңызы. Синтаксистік және лексикалық тіркесімдік ұғымы. Синтаксис бойынша оқушыда қалыптасуы тиіс білік-дағдылар мен іскерліктер. Синтаксистік талдау және оны жүргізу тәсілі. Синтаксистің тілдің басқа салаларымен тығыз байланыстылығы және оқушыларға осы мәселені ұғындыру жолдары.

Сөз тіркесі – сөйлем құрау материалы. Сөз тіркесін меңгертудің ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерінің тіл дамытудағы рөлі. Сөз тіркесін сөз таптарының тіркесімділік қабілеті арқылы жасалатын синтаксистік бірлік ретінде таныту, сөз тіркесін өзіне ұқсас тұлғалармен салыстыра беру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын меңгерту. Сөз тіркесіне байланысты жаттығулар және оның түрлері. Сөз тіркесін оқытудағы көрнекіліктер мен қосымша оқу-әдістемелік құралдар.

Жай сөйлемді оқыту әдістемесі. Мектепте жай сөйлем синтаксисінен берілетін білім мазмұны. Оның ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері. Жай сөйлемнің құрылымдық-мағыналық жүйесі және оны меңгерту әдістемесі. Жалаң және жайылма сөйлемді проблемалық әдіспен меңгерту әдістемесі. Жақты және жақсыз сөйлемдерді оқыту және олардың стильдік қызметіне назар аудару. Толымды және толымсыз жай сөйлемдерді оқыту және оларды қатысым синтаксисі тұрғысынан меңгерту әдістемесі. Атаулы сөйлемді оқыту және оны логикамен байланыстыру жолдары. Жай сөйлемді сатылай кешенді талдау әдістемесі.

А.Байтұрсынұлы ұсынған терминдерді мағыналық жағынан талдау. Сөйлемнің тұрлаулы жән тұрлаусыз мүшелері. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің мағыналық қызметін талдау әдістемесі.

Құрмалас сөйлемді оқыту әдістемесі. Құрмалас сөйлем синтаксисінен берілетін білім мазмұны. Құрмалас сөйлемді теориялық деңгейде оқытудың әдістемесі. Құрмалас сөйлемнің құрылымдық-мағыналық жүйесі туралы түсінік беру жолдары. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары. Құрмалас сөйлемді сатылай кешенді талдау әдістемесі.

Салалас құрмалас сөйлем және оның жасалу жолдары. Салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлерін оқыту әдістемесі. Салалас құрмалас сөйлем компоненттерінің байланысу жолдарын талдау әдістері.

Сабақтас құрмалас сөйлем мен оның жасалу жолдарын оқыту әдістемесі. Сабақтас құрмаластың мағыналық түрлері мен олардың жасалу жолдарын меңгерту.

Аралас құрмалас сөйлемді оқыту әдістемесі. Аралас құрмаластың өзіне тән жасалу жолдарын меңгерту әдістемесі.

Көп компонентті құрмалас сөйлемді оқыту әдістемесі. Көп компонентті құрмаластың ішкі жүйесін құраушылар: көп компонентті салалас құрмалас сөйлем, көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем, аралас құрмалас сөйлем. Сөйлем талдаудың өзіндік логикалық жүйесі және оны оқушыларға меңгерту әдістері. Синтаксистік талдау, оны жүргізу әдістемесі.

Стилистика мен мәтінді оқыту әдістемесі

Стилистика, тілдің көркемдегіш амал-тәсілдері. Стилистиканың тілдің қолданылу аясын, қатысымдық әрекет-қызметін зерттейтін сала екендігі. Оның сөйлеу үдерісінде тілді пайдаланудың заңдылықтарын қарастыратындығы. Тілдік амал-тәсілдер мен стилистикалық мүмкіндіктер арқылы коммуникативті-прагматикалық, эстетикалық қызметті үйретуді көздейтіні. Стилдің түрлері мен оны меңгертудің жолдары.

Мәтін – қарым-қатынастың негізгі бірлігі. Мәтіннің негізгі белгілерін анықтаудағы логикалық операциялар және оларды оқушыларға меңгерту. Мәтіннің тұтастығы оның құрылымдық және мағыналық бірлігі арқылы танылатындығы. Мәтінді талдау әдістемесі. Мәтінді фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, сөз тіркесі, сөйлеммен байланыстыра оқыту әдістері. Мәтінді құраушы тіл бірліктерінің мәтін құрылымындағы байланысу жолдарын меңгерту әдістемесі.

Орфографияны оқыту әдістемесі

Орфографияны оқытудың ғылыми-практикалық маңызы, міндеттері мен ұстанымдары. Орфографиялық жұмыстың мазмұны. Орфографиялық іскерлік пен дағдыларды қалыптастырудың психологиялық негіздері. Орфографиялық дағдыларды қалыптастыруда орфографиялық сөздіктерді қолдану әдістері. Орфографиялық сөздіктермен жұмыс жүргізудің тәртібі. Орфографиялық норма. Оны меңгертудің шарттары. Орфографиялық ережелерді оқыту әдістемесі. Орфографиялық талдау. Орфографияны оқытуда көрнекіліктер мен қосымша оқу құралдарын қолдану әдістері. Орфографияны меңгертуде өздік жұмыстарын жүргізудің маңызы мен жолдары.

Пунктуацияны меңгерту әдістемесі

Мектепте пунктуация бойынша жұмыс жүргізудің маңызы мен міндеттері. Пунктуацияны оқытудың мазмұны, кезеңдері. Пунктуацияны оқыту ұстанымдары: мазмұндық, құрылымдық, интонациялық. Пунктуация және синтаксис. Пунктуация және мәнерлеп оқу. Пунктуация және интонация. Пунктуациялық дағдыларды қалыптастырудың негіздері. Пунктуациялық ережелермен жұмыс істеу әдістемесі. Пунктуациялық қателер мен оларды болдырмау әдістемесі. Пунктуациялық жаттығулар мен талдау түрлері. Пунктуацияны оқытуда көрнекілік пен қосымша оқу құралдарын қолдану әдістері.

Сөз мәдениетін оқыту әдістемесі

Сөз мәдениетін меңгерудің білімдік, әлеуметтік мәні. Сөз мәдениетін қалыптастырудың мақсат, міндеттері. Сөз мәдениетін оқыту ұстанымдары. Сөз мәдениетіне қатысты білім мазмұны. Осы бағыттағы жұмыстарды ұйымдастырудың әдістемесі. Сөз мәдениеті бойынша жүргізілетін жұмыстар жүйесі мен түрлері. Қазақ әдеби тілінің нормаларын оқыту. Сөз сапасы: нормативтік, коммуникативтік, этикалық. Әдеби норма, ол туралы түсініктерді қалыптастыру. Сөз мәдениеті және күзиреттілік.

Сөз мәдениеті мен стильдердің байланысы. Сөйлеу мәдениетінің талаптары. Пікірталас мәдениетін оқытудың талаптары мен әдістемелік жолдары.

Шешендік өнерді оқыту әдістемесі

Шешендік өнердің халық өмірімен, тұрмыс-салтымен тікелей байланыста дамитындығы. Шешендік сөздердің философиялық мәні, Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Шешендік сөз, оның тіл дамытудағы рөлі. Ұлттық шешендік өнер туралы түсінік. Шешендік және сөз мәдениеті. Шешендік сөздің тектері мен түрлерін оқыту әдістемесі. Жұрт алдында сөйлеуге машықтанудың жолдары. Кіріспе сөз, негізгі бөлім, олардың ерекшеліктері, міндеті, онда қолданылатын тілдік құралдар.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінен жүргізілетін практикалық сабақтар

- Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттеу нысаны және оны зерттеген ғалымдар (А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, С.Жиенбаев, Қ.Жұбанов, Ы.Маманов, Д.Әлімжанов, Ә.Әбілқасов, М.Балақасов, т.б.).
- Қазақ тілін оқытудың жаңа тенденциялары, қағидалары мен бағыттары
- Қазақ тілін оқытуға арналған базалық-нормативтік құжаттар
- Қазақ тілі бағдарламасы. Бағдарламаның түрлері, олардың өзара айырмашылықтары. Жоспар, оның түрлері. Орта және қысқа мерзімді жоспарлар, олардың ерекшеліктері.
- Қазақ тілін оқыту бойынша жасалатын оқу-әдістемелік кешен және оның құрылымы. Қазақ тілі оқулығы. Оқулықтың негізгі атқаратын қызметі: ақпараттық, трансформациялық, жүйелілік, тәрбиелік.
- Қазақ тілін оқыту құралдары – әдістемелік категория. Қазақ тілін оқыту құралдарының классификациясы.
- Қазақ тілі пәніне қойылатын талаптар. Оны оқытудың заңдылықтары. Қазақ тілі және оның басқа пәндермен байланысы.
- Болашақ маманның күзиреттілігі және оны қалыптастырудың жолдары.
- Әдістеме ғылымындағы жаңа бағыттар. Білім берудің инновациялық технологиялары және оның қазақ тілін оқытуда алатын рөлі.
- Қазақ тілін оқытудың дидактикалық ұстанымдары. Жалпы және жеке әдістемелік ұстанымдар.
- Әдіс, оның тілді меңгертуде алатын орны. Әдістің түрлері. Интерактивті әдістер, оны қолданудың жолдары
- Қазақ тілі бойынша оқу жұмысын ұйымдастырудың формалары. Сабақтың түрлері және оның дидактикалық құрылымы. Тапсырмалар және оның түрлері.
- Оқушылардың креативтік ойлау қабілетін дамыту және оны бағалау. Суммативті және формативті бағалау. Суммативтік бағалаудың тоқсандық, жылдық қорытынды бақылау кезінде қолданылуы. Оқушының даму жолын бағалаудағы формативті бағалаудың алатын рөлі.
- «Қазақ тілі» пәнін функционалдық сауаттылық тұрғысынан меңгерту талаптары.
- Лексика мен фразеологияны меңгерту әдістемесі (ұстанымдары, әдістері,

- лексикалық жаттығулар және т.б.).
- Фонетикадан берілетін білім мазмұны және оны меңгерудің жолдары (ұстанымдары, әдістері, фонетикалық жаттығулар және т.б.).
 - Сөзжасам және оны тілдің басқа салаларымен сабақтастыра оқыту (ұстанымдары, әдіс-тәсілдері, сөзжасамдық талдау).
 - Морфология және сөздің грамматикалық құрылымын оқыту әдістері. Сөз таптарын оқыту әдістемесі. Морфологиялық талдау, оны жүргізу әдістемесі.
 - Синтаксис және оның салаларын оқыту әдістемесі (ұстанымдары, әдістері, жаттығулар және т.б.). Синтаксистік талдау, оған қойылатын талаптар.
 - Стилистика және мәтін, оларды меңгерту әдістемесі. Силь, оның түрлерін оқытудың жолдары. Стилистикалық жаттығулар. Мәтіннің түрлері, оны талдаудың жолдары.
 - Орфография және пунктуация, оның оқушы сауаттылығын жетілдіруде алатын рөлі. Орфографиялық ережелерді оқыту әдістемесі.
 - Жазба жұмыстар, оған қойылатын талаптар мен бағалаудың критерийлері.
 - Оқушының қатысымдық құзіреттілігін дамытудағы сөз мәдениетінің алатын орны. Сөз мәдениеті туралы білім мазмұны және оны меңгерудің әдістемесі. Норма және оның түрлері.
 - Оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдірудегі шешендік өнердің маңызы. Шешендік және сөз мәдениеті. Жұрт алдында сөйлеуге машықтанудың жолдары.
 - Қазақ тілінен сабақтан тыс жұмыстар жүргізу. Қазақ тілінен сабақтан тыс жұмыстар жүргізудің әдіс-тәсілдер жүйесі, олардың мақсаты мен міндеттері. Қазақ тілінен үйірмелер ұйымдастырудың маңызы. Қазақ тілінен олимпиада жүргізу. Танымдық ойындар. Мектептегі лингвистикалық қызмет. Қазақ тілін тереңдетіп оқытатын мектептердегі «Арнаулы курстар» жүргізу әдістемесі.

Студенттердің өздік жұмыс (СӨЖ) тақырыптары

1. А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері (кластер құру).
2. Ж.Аймауытовтың комплексті оқыту әдістемесінің ерекшеліктері (кесте).
3. С.Аманжоловтың әдістемелік еңбектерін талдау (аннотация жазу).
4. Қ.Жұбановтың жеке пәндердің әдістемесін жасаудағы ізденістері (тұсаукесер).
5. Қазақ тілін оқытудың базалық-нормативтік құжаттарын талдау (аналитикалық талдау).
6. Қазақ тілін оқытудың өзіндік ұстанымдары (гlossарий).
7. Тілдің жекелеген тақырыбының ерекшеліктерінен туындайтын ұстанымдар (салыстырмалы кесте).
8. Құзіреттілік, оны қалыптастырудың жолдары (тұсаукесер).
9. Оқулықтың теориялық және практикалық бөлігін талдау (кесте).
10. Жаңа буын оқулықтарының ерекшеліктері (тұсаукесер).
11. Қ.Жұбановтың «Жаңа грамматика» оқулығының маңызы (кластер құру).
12. Блум таксономиясы (тұсаукесер дайындау).
13. Ең үздік әдістемелік еңбекке талдау (аннотация жазу).
14. Қазақ тілі сабағында деңгейлеп оқыту технологиясын пайдалану (ұсыныстар).
15. Педагог-ғалым В.П.Беспальконың деңгейлеп саралап оқыту туралы айтқан пікірлері (аннотация).
16. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы (Т-кестесі).
17. М.Балақаевтың әдістемелік тұжырымдары (кластер құру).
18. Проблемалы оқыту технологиясының мәні (гlossарий).
19. Қатысымдық тұрғыдан оқыту технологиясының ұтымдылығы (реферат).
20. Мектеп оқулықтарына талдау (топтық зерттеу).

21. Оқулыққа енген /5-11 сынып/ материалдарын саралап үйрену (кесте).
22. Қосымша әдістемелік еңбектерге сараптама жасау(топтық зерттеу).
23. Сабаққа қажетті көрнекі құралдар дайындау.
24. Жоспар, оның түрлері (тұсаукесер).
25. Жоба жұмысын дайындаудың әдістемесі (кесте).
26. Қазақ тілі бойынша әр сыныпта әдістемелік жүйені ұсынудың ерекшеліктері: орта, қысқа мерзімді жоспарлар (кесте).
27. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру (модель)
28. Дидактикалық ойынның түрлерін жинақтау, оны сабақта пайдаланудың жолдарын ұсыну (Атаулар кестесін толтыру).
29. «Қ.Жұбановтың сөйлем мүшелері жайлы ойлары» тақырыбында баяндама дайындау.
30. Х.Арғыновтың «Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері» еңбегінен құрмалас сөйлемді оқытуда қолданылатын көрнекі құралдарға талдау жасау.
31. Сөздің синтаксис саласындағы функционалдық қызметін айқындайтын үлестірмелі қағаз дайындау.
32. Салалас, сабақтас құрмаласты оқытуға байланысты бірнеше көрнекі құралдардың үлгісін жасау.
33. Әдеби нормадан жөнді/жөнсіз ауытқуға байланысты көркем әдебиеттерден мысалдар жинау.
34. Орфографиялық дағдыларды қалыптастырудағы орфографиялық сөздіктердің маңызы (кесте).
35. Пунктуацияны оқытуға байланысты тірек-кестелер жасау.
36. Жарнамадағы стильдік қателерді жинақтап, таразылау (пікірталас).
37. Сөз мәдениеті пәнінің мақсат, міндет ерекшеліктерін талдап, тиісті әдебиеттердің картотекаларын жасау.
38. Пікірталас түрлері және оның сөз мәдениетін меңгерту (жоба жұмысы)
39. Этнолингвистикалық атауларға байланысты тілдік материалдар жинау.
40. Іскерлік қарым-қатынас тіліндегі ұлттық ерекшелікке байланысты материалдар жинау.
41. Мектептегі қазақ тілі кабинетін жабдықтау (тұсаукесер).
42. Шешендік, шешендік туралы айтылған ой-пікірлерді жинақтау.

Студенттердің оқытушымен бірлесе орындайтын өздік (СОӨЖ) жұмыс тақырыптары

1. Жаңа буын оқулықтарын талдап, рецензия жазу.
2. Жаңашыл-әдіскерлердің ұсынған әдістемесінің ерекшеліктерін ашып көрсету, талдау.
3. Дәстүрден тыс сабақтардың өзіндік ерекшелігі мен мәнін айқындау.
4. Дебат технологиясы бойынша өтілетін сабақ үлгісін жасау.
5. Сөз таптарын оқытуда қолданылатын тірек-кестелер дайындау.
6. Оқушылардың тілін дамытуда қолданылатын техникалық құралдарды тиімді пайдаланудың үлгісін ұсынып, сабақ жүргізу.
7. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер (баяндама).
8. Пресс-конференция сабағының үлгісін ұсыну.
9. С.Исабаев ұсынған қазақ тілін практикалық және теориялық тұрғыдан оқыту әдістерін талдау, олардың маңызын айқындау.
10. Қатысым ұстанымына негізделген тапсырмалар жүйесі.
11. Қүзіреттілік, оның зерттелуі (тұсаукесер).
12. Қүзіреттілік – білім нәтижесін анықтаудың көрсеткіші (жоба жұмысы).

13. Ж.Қараевтің деңгейлеп оқыту технологиясының тиімді жақтары (Т-кестесі).
14. Қазақ тілін басқа пәндермен кіріктіре оқытуда интерактивті технологияның маңыздылығы (топтық жоба).
15. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы («Жигсо» тәсілінің негізінде талдау).
16. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясын қазақ тілі сабағында пайдаланудың тиімділігі (ойталқы).
17. Интерактивті оқыту технологиясының мақсаты мен міндеті, тиімді жағы мен ерекшелігі (пікірталас).
18. Интерактивті оқыту технологиясы қазақ тілі пәні үшін тиімді ме? (пікірталас).
19. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында модульдік технологияны тиімді пайдалану (топ ішінде дөңгелек үстел өткізу).
20. Қазақ тілін оқытудың дәстүрлі жүйесі мен жаңа технологиялардың сабақтастығы (аналитикалық талдау).
21. Сөз тіркесі, күрделі сөздер, тұрақты тіркестердің бір-бірінен айырмашылығы, сөйлем құраудағы маңызы (баяндама).
22. Т.Сайрамбаевтың сөз тіркесін оқыту жайлы ой-пікірлері («Үш қадамды сұхбат» тәсілінің негізінде сұхбат).
23. Ғалымдардың сөйлем және сөз тіркесін оқыту туралы айтқан пікірлері (жоба жұмысы).
24. Сөз тіркесі туралы түсінік, оның байланысу түрлері мен тәсілдерін оқытудың ұтымды жолдары (ойталқы).
25. Тілді оқыту әдістемесін ұсынған орыс, қазақ ғалымдарының еңбектеріне талдау (жоба жұмысы).
26. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаны оқыту (жоба жұмысы).
27. Сөйлем мүшелерін оқытуда қолданылатын интерактивті әдістер (кластер).
28. Сабақ: талаптар, мазмұндық-құрылымдық жаңашылдық (тұсаукесер).
29. Сабақты талдаудың жаңа жүйесі (жоба жұмысы).
30. Қазақ тілі электронды оқулығының элементтерін тиімді пайдалану (пікірталас).
31. Сөз мәдениетін оқытудың қағидалары мен нәтижелері (ойбөліс).
32. Шешендік өнерді оқыту және оқушының интеллектуалдық әлеуеті (ойбөліс).

Диплом жұмысының тақырыптары

1. Қазақ тілі сабағында 9-сынып оқушыларының қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру
2. 5-сыныпта лексиканы оқытуда оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру
3. Қазақ тілі сабағында оқушылардың шешендік қабілеттерін дамыту
4. Жоғары сынып оқушыларының тілдік қабілетін өздік жұмыс арқылы жетілдіру
5. Қ.Жұбановтың дамыта оқыту технологиясы арқылы синтаксисті оқыту әдістемесі
6. Морфологиялық бірліктерді интербелсенді әдістер арқылы меңгерту
7. 7-сынып оқушыларының ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру
8. Жоғары сынып оқушыларының пікірталас мәдениетін қалыптастыру әдістемесі
9. Сөз мәдениетінің коммуникативтік сапасын меңгертудің әдістемесі
10. Оқушылардың оқу-танымдық мотивациясын қалыптастыру арқылы қазақ тілін оқыту әдістемесі (6-сынып)
11. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың тілдесім дағдыларын қалыптастыру әдістемесі
12. Жоғары сынып оқушыларына шешендік сөздің түрлерін оқыту әдістемесі
13. Қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру әдістемесі (5-7-сыныптар)

14. Академик Ә.Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» еңбегінің қатысымдық-танымдық аспектісі.
15. С.Аманжоловтың әдістемелік мұрасын оқытудың негіздері
16. Жоғары сынып оқушыларының көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыру
17. Орта мектептердегі «Қазақ тілі» оқулықтарының ғылыми теориялық және әдістемелік негізі (6-сыныптар бойынша)
18. Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалаудың педагогикалық шарттары (11 сыныптар)
19. Қазақ лексикологиясын оқыту үдерісінде оқушының коммуникативтілік құзыреттілігін қалыптастыру
20. Қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушылардың академиялық шешендік қабілеттерін қалыптастыру
21. Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту әдістемесі.

Негізгі әдебиеттер:

1. Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993. – 112.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010. – 608.
4. Хасенов Ә. Жай сөйлем синтаксисін оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1957. – 76.
5. Ұйықбаев И.Қ және т.б. Қазақ тілі методикасының мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1968. – 230 б.
6. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1965. – 245 б.
7. Әлімжанов Д. Қазақ тілінде морфологияны оқыту методикасының кейбір мәселелері. – Алматы, 1972. – 70 б.
8. Арғынов Х. Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері. – Алматы, 1969. – 295 б.
9. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989. – 96 б.
10. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 160 б.
11. Абдрахманова Р. Кенжебекова Р. Мұсабекова М. Қазақ халық педагогикасындағы идеяларды сыныптан тыс жұмыстарда қолдану. – Алматы, 2002
12. Жапбаров А. Оқушыларға мәтін құрастыру мен шығарма жаздыру әдістемесі. – Шымкент: Р-Дар, 2002. – 182 б.
13. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Print-S, 2005. – 170 б.
14. Әбілқаев А., Бейсенбайқызы З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: ЖШС «Инжу-Маржан», 2009. – 293 б.
15. Жапбаров А. Стилистиканы оқыту әдістемесі. – Алматы, 1995.
16. Даулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі. – Алматы: ҚБТУ, 2010. – 240.
17. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. – Өскемен, 2005.
18. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2013
19. Сатбекова А.А. Мемлекеттік тілді жобалау әдісімен оқыту әдістемесі / Монография. – Алматы, 2007. – 120 б

20. Әлімов А., Базарбекова Р. Интербелсенді әдістеме. Магистранттарға арналған оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2012. – 40б.
21. Әлімов А., Базарбекова Р., Қосанов Б. Орта мектептің 2-сыныбында интербелсенді әдістемені қолдану. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2010
22. Рысбаева А., Қоңырбаева С.С. және басқалар. ЖОО білім мазмұны мен оқыту технологиялары/Дәрістер жинағы. – Алматы: «Полиграфия-Сервис К!», 2010. – 154б.
23. Дәулетбекова Ж. Сөз мәдениеті және шешендік: оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Нұрай, 2014. – 245 бет.
24. Даулетбекова Ж. және т.б. Тілді оқыту: интеграциялық білім мен интеллектуалдық әлеуеттің сабақтастығы. – Алматы: Нұрай, 2014. – 240 бет.

Қосымша әдебиеттер

1. Құлмағанбетова Б. Құрмалас сөйлемді оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1963. – 124.
2. Шаукенов Қ. Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 112.
3. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 184.
4. Құрманова Н. Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. – Монография. – Астана: Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы, 2007. – 160.
5. Қараев Ж., Ешеева Ж. Программалап оқыту және оның компьютерді оқытуға пайдаланумен байланысы. – Алматы, 1991.
6. Кәтенбаева Б.Ш. Тіл ұстарту жұмыстары бойынша методикалық нұсқаулар. – Алматы: Рауан, 1991.
7. Құтқожина Р., Қасабекова Қ. Қазақ тілі сабақтарына арналған дидактикалық материалдар. – Алматы: Рауан, 1994.
8. Әбдікәрімова Т., Әбдіғалиева Т., Шаймерденова К. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Практикалық және лабораториялық жұмыстар. – Алматы: Ана тілі, 1999.
9. Құрманова Н.Ж., Мухлис К. Текст теориясы және текстті талдау әдістемесі. – Алматы: Абай атындағы АлМУ, 2000.
10. Құлмағанбетова Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі [Электронный ресурс]. – Алматы: Білім, 2000. – 144.
11. Бейсембайқызы З. Қазақ тілін модуль негізінде оқыту. – Алматы, 2001.
12. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. – Алматы, 2001.
13. Харесұлы Сарыбаевтың әдістемелік мұрасы. – Алматы: Кітап, 2001. – 152.
14. Әмір Р., Атабаева М. Қазақ тілі. 9-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2002. – 221.
15. Жұбанова М.Қ. Құдайберген Жұбанов ұлттық дидактика хақында. – Алматы: Ғылым, 2002.
16. Қосымова Г., Дәулетбекова Ж.Т. Қазақ тілі. 5-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2010. – 192.
17. Сәдуақас Н.Ә., Касенова А.Т. Қазақ тілін оқыту әдістемесі (фонетикадан практикалық сабақтар). – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АМУ, 2003.
18. Исаев С.М., Назарғалиева К., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. 6-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2011. – 208.
19. Исаев С.М., Қосымова Г. Қазақ тілі. 7-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2004. – 212.
20. Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (Ү–ІХ сыныптар) п.ғ.д. ғылыми дәр.алу үшін жаз.дисс.авторефераты. Алматы, 2004. – 46.
21. Оразбаева Ф.Ш. т.б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Prin-S, 2005. – 580.
22. [Зимняя, И.А.](#) Педагогикалық психология [Электронный ресурс] : жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Орыс тілінен ауд. М. А. Құсаинова. – 2-ші толық.,

- түзет. және қайта өнд. бас. – М. : Логос ; Алматы : TST-company, 2005. – 368.
23. Аманжолов С., Аманжолов А.С., Қосымова Г. Қазақ тілі. 8-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2005. – 221.
24. Бейсенбаева З. Жоғары оқу орындарында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. Дисс...– 13.00.02. – Алматы: ҚМҚПИ, 2005. – 360.
25. Рымханова А.Р. Көмекші мектептерде қазақ тілін оқытудың арнайы әдістемесі пәнінен дәрістер курсы [Электронный ресурс]: курс лекций. – Қарағанды: ҚарМУ, 2005.–:7 дәріс. Электрон. текстовые дан. (262Кб).
26. Сүлейменова Ж. Қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Автореф... пед.ғыл.докторы, – 13.00.02. Алматы, 2005, – 50.
27. [Шахина, С. Ж.](#) Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні бойынша дәрістер [Электронный ресурс]. курс лекций. Электрон. текстовые дан. (325Кб). – Қарағанды : ҚарМУ, 2005. – 5 дәріс.
28. Ермағанбетова Л.Н. Жай сөйлемді ізгілендіру технологиясы арқылы оқыту (8-сынып). П.ғ.к. дәр.алу үшін жаз.дисс.автореф. – Алматы, 2006.
29. Оразақынова Н., Әміреев Н., Сапақова Н. Қазақ тілі. Жаратылыстану-математикалық бағдарлы мектептің 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2006. – 181.
30. Психология [Электронный ресурс]: адамзат ақыл-ойының қазынасы : 10 томдық / Жетекшісі акад. Ә. Н. Нысанбаев. Ойлау теориялары: ізденістер, келелі мәселелер, перспективалар. – Алматы: Таймас баспа үйі. (Мәдени мұра), 2006. – Т.9 464 бет.
31. [Шошақ Мереке.](#) Педагогикалық технологиялардың қолданылуы [Электронный ресурс] : тұсаукесер-лекция. – Өскемен, 2007.
32. [Аубакирова, Л. Р.](#) Сұрақ және жауап түріндегі педагогика [Электронный ресурс] : оқу құралы. – Өскемен: ШҚМУ, 2007. – 95.
33. Дәулетбекова Ж., Раев Қ., Есмағанбетова Ш. Қазақ тілі. Қоғамдық-гуманитарлық бағдарлы мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2007. – 257.
34. Қосымова Г. Шешендік өнердің негіздері. – Алматы: Баянжүрек, 2007. – 296.
35. Қосымова Г. Қазақ тілі. Қоғамдық-гуманитарлық бағдарлы мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2007. – 218.
36. Оразақынова Н.А. Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. П.ғ.д. ғылыми дәр. Алу үшін жаз. Дисс. Автореф. – Алматы, 2007.
37. [Қазанбаева, А. З.](#) «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша лекциялар курсы [Электронный ресурс] : – Электрон. текстовые дан. (268Кб). – Қарағанды, 2008. – 6 дәріс.
38. Қосымова Г., Құрманова Н. Қазақ тілі: Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің 8-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. – Алматы, 2008.
39. Даупаев Қ. Тіл мәдениеті және стилистика: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008.
40. Кобдикова Ж.У., Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясы – нәтижеге бағытталған білім берудің тиімді құралы ретінде. – Алматы, 2008. – 116.
41. Жазықова М.Қ. Құдайберген Жұбановтың әдістемелік мұрасы. Пед.ғылм. к.дисс. – Алматы, 2008. – 128.
42. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл.докт... дисс.– Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. – 337.
43. Саданова Ж.К., Саданова С.К. «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасының ерекшеліктері // [Вестник КАСУ №1 – 2008.](#) – 93–98 бб.
44. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар зерттеулер. – Алматы:Ан арыс, 2009. – 368.

45. Омарова Н. Қазақ мектебінің 8-сыныбында сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту әдістемесі. П.ғ.к. ғылм.дәр.алу үшін жаз.дисс.авторевф. – Алматы, 2009.
46. Сәтбекова А.А. «Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері (гуманитарлық бөлім)» атты док. дисс. Авторевф. – Алматы, 2009.Орынбаев А.Ә. Шамғали
47. Ерғожина Ш.Л. Құрмалас сөйлемдерді оқыту барысында шығармашылықпен жұмыс істеу әдістемесі (8-сынып) П.ғ.к. дәр.алу үшін жаз.дисс.авторевф. – Алматы, 2009.
48. Бейсембаева З.Б. Жоғарғы оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы. ҚазМемҚызПУ, 2009. – 278.
49. Балтабаева Ж.Қ. Жоғарғы оқу орында студенттер тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері атты док. дисс. – Алматы, 2009.
50. Қазақ тілі: демонстрациялық материалдар / Для 2 класса 11-летней общеобразовательной школы с русским языком обучения. – Алматы: Алматыкітап, 2009
51. Жахина Б.Б.Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілі сөзжасамын тереңдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2009.
52. Айтбаева А. Б. Білім берудегі жаңа технологиялар:оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 162.
53. Аубакирова Р., Нұрбекова М. А 91 Педагогикалық зерттеу әдістемесі: Оқу құралы. 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2011. – 128.
54. Рахметқызы С. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесінің негіздері. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған. 2-басылымы. – Алматы: Атамұра, 2011. – 224.
55. Табылды Ә. Қазақ этнопедагогикасын оқытудың әдістемесі. Өнд., толықт. 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 236.
56. Қуанбаева Б. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: дисс. Пед. ғыл.канд. – Алматы, 2005. – 137.
57. Селевко Г.К. Современные технологии в образовании. – М., 1998.
58. Ж.А Қараев. Ж.У Кобдикова. Кобдикова Ж.У., Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясы – нәтижеге бағытталған білім берудің тиімді құралы ретінде. – Алматы, 2008. – 116.
59. Әлібаева М.С. Кәсіби қазақ тілін витагендік технология арқылы оқыту әдістемесі (экономика мамандығы бойынша): пед.ғыл. канд. ... авторевф. – Алматы, 2010. – 27.
60. Кларин. М.В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования / М. В. Кларин. – Рига : Эксперимент, 1995. –176. (Развивающее обучение).
61. Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисі: коммуникативтік-танамдық аспект. Ғылыми монография. Алматы: Ұлағат, 2014 ж. – 265 бет.

Авторлары:

Әбілқаев А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Оразбаева Ф.Ш. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Даулетбекова Ж.Т. – педагогика ғылымдарының докторы, доцент
Рахметова Р.С. – педагогика ғылымдарының докторы, доцент

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

КАОА 3302 Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

2 кредит

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Тебегенов Т.С. – ф. ғ. д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Жұмақаева Б. – п. ғ. к., доцент Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты - әдебиеттің сөз өнері әрі ғылым ретіндегі ерекшеліктеріне сүйене отырып, оны халқымыздың көркем тарихы, өмір оқулығы дәрежесінде оқып-үйрету. Бұл пән оқушы бойында биік эстетикалық талғамды дамытады, өнер туындысындағы табиғатты, жарасымдылық пен сұлулықты, имандылық пен ізгілікті, адамдар қарым-қатынасындағы үйлесім мен әсемдікті танып ұға білуге, оны ой көзімен қарап, терең пайымдауға жол ашады. Сонымен бірге әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту арқылы көркем шығармадан тәлім алуға, шәкірттердің оқырмандық мәдениетін, қызығушылығын қалыптастырып, олардың әдеби қабілетін дамытуда қажетті біліммен, біліктілік дағдыларымен қаруландырып жеке тұлғаның жан-жақты дамуына зор үлес қосады.

Пәннің мақсаты мен міндеттері

Әдебиеттің сөз өнері әрі ғылым ретіндегі ерекшеліктеріне сүйеніп, оны халқымыздың көркем тарихы, «өмір оқулығы» дәрежесінде оқып-үйрету «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнінің мақсаты болып табылады.

«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнінің негізгі міндеттері: оқушы бойында эстетикалық талғамды дамытып, көркем туындыдағы имандылық пен ізгілікті ой көзімен қарап терең пайымдауға жол ашады.

«Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі» пәнін оқу арқылы студенттер әдебиет пәнінің өзіндік ерекшеліктерімен, әдеби білім мазмұнын оны анықтайтын ұстанымдармен, өмір талабына сай оқыту әдістемесін жетілдірудің теориялық-методологиялық негіздерімен жан-жақты танысуға мүмкіндік алады.

Әдебиетші мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен адамдық, азаматтық тұлғасына қойылатын өлшемдерді бойға сіңіріп, әдебиетті ғылым және сөз өнері ретінде меңгеруі керек.

Пән пререквизиттері: Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің IX сыныбында оқытылатын қазақ әдебиеті пәні, жалпы білім беретін басқа ұлт мектептерінің IX сыныбында оқытылатын қазақ әдебиеті пәні

Пән постреквизиттері: Мәдениеттану, тіл біліміне кіріспе, әдебиеттану ғылымына кіріспе, қазақ әдебиеті тарихы (1-4 курстарда), әдебиет теориясы, сын тарихы (4-курс) пәндері

Пәнді игеру нәтижелеріне талаптар:

Пәнді оқып-үйрену үдерісі **кәсіптік құзыреттіліктің** қалыптасуы мен дамуына бағдарланған:

1. Қазақ әдебиетін оқытудың соңғы бір жарым ғасырдан астам кезеңге созылған пайда болу, даму, қалыптасу үдерісін және содан бергі уақыттағы әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымы аясындағы зерттеу нәтижелерінің педагогикалық, психологиялық, оқу-әдістемелік талаптарға сәйкес жан-жақты меңгерілуі негізгі бағдар болып саналады.

2. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнінің негізін құрайтын оқу материалдарын педагогикалық-психологиялық кәсіптік құзыреттілік бойынша меңгеру арқылы студенттер әдебиетті оқыту саласындағы білімдік және ғылыми тәжірибемізді дүниежүзілік деңгейдегі яғни жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастыра меңгеру арқылы адамзаттық гуманизм ұстанымы тұрғысында қалыптасады.

Пәндік құзыреттілігі:

«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнін оқып-үйрену үдерісі **пәндік құзыреттіліктің** қалыптасуы мен дамуына бағдарланған:

1. Студенттер әдебиетті оқытудың ғылыми-әдістемелік сипаттағы білімдік қорын оқыту әдістемесі ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып талдау, бағалау тұрғысында әдебиеттің сөз өнері ретіндегі пайда болу, даму, қалыптасу үдерісін, туыстас ғылым салаларымен байланысын, теориялық және әдістемелік сипаттарын тану арқылы пән маманына тиісті құзыреттілікке ие болады.

2. Оқыту әдістемесі ғылымының әлемдік тәжірибесін, оқыту саласындағы теориялық бағыттар мен мектептер, теориялық, методологиялық ортақтастық мәселелері, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының даму, қалыптасу жүйесіне тән кезеңдік тәжірибелерді терең әрі жан-жақты тануға негізделген пәндік құзыреттілік меңгеріледі.

Пәнді оқып-үйрену нәтижесінде студент міндетті:

білу: әдебиетті оқытудағы жалпы ерекшеліктерді олардың негізгі сипаттарын әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымының жетістіктерін пайдалана білу;

игеру: әдебиетті оқыту әдістемесі пәніне қатысты ғылыми әдебиеттердегі ғылыми-әдістемелік тәжірибені игеру;

меңгеру: мектеп бағдарламасына енген көркем туындылардың барлық жанрдағы үлгілерін оқушының жас ерекшеліктеріне және көркемдік ерекшеліктеріне сай талдап-таразылау.

Пәннің мазмұны

Кіріспе

Әдебиетті оқыту әдістемесі пәні

Әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылыми пән екендігі. Әдебиет пәнінің мектептік пәндер жүйесіндегі орны және өзіндік ерекшеліктері. Қазақ әдебиеті пәнін мектепке оқытудың мақсат-міндеттерін, әдеби білім мазмұнын оны анықтайтын ұстанымдар және өмір талабына сай оқыту әдістемесін жетілдірудің теориялық-методологиялық негіздері. Оқушылардың қазақ әдебиеті пәнінен алатын білім аясының ұлттық құндылықтарға негізделіп философия, тарих, әдебиеттану, тіл білімі, эстетика, педагогика, психология т.б. ғылым салаларымен байланыстылығы.

Мұғалім және оның әдеби білім берудегі орны. Әдебиетті оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, оқушылардың шығармашылығына жүйелі ықпал жасай отырып, оқу еңбегіндегі ой дербестігін, оқу әрекетін, образды ойлау, өзіндік ой-пікірін дамытып, ұғымды шешен сөйлеуге баулу. Әдебиетші мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен адамдық, азаматтық тұлғасына қойылатын өлшемдер.

Әдебиетті ғылым және сөз өнері ретінде оқыту әдістемесінің дидактика, әдебиеттану, тарих, музыка, өзін-өзі тану өнері т.б сабақтастығы. Педагогикалық психология мен оқыту әдістемесінің тоғысар тұстары.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің қысқаша тарихы

1917 жылға дейін қазақ жерінде үш түрлі мектептің өмір сүргендігі.

Қадым мектебі: оның өзіндік ерекшеліктері, білім берудегі көздеген мақсаты, пайдасы мен кемшіліктері.

Жәдит мектебі: оның қадымша оқытудан айырмашылықтары, білім берудегі артықшылықтары мен жетімсіз жақтары.

Медреселік білім беру жүйесі: оның прогресшіл жақтары.

Ыбырай Алтынсарин-ағартушы ұстаз, тарихи тұлға. Оның халық ағарту саласындағы тарихи тәжірибесі. Ы.Алтынсариннің қазақ тіліндегі оқулықты қажет еткен таза қазақ мектептерін ашудағы еңбегі. Әдебиеттік оқулық жасаудағы «Қазақ хрестоматиясының» (1879) алатын орны, хрестоматиядағы материалдардың тәрбиелік-өнегелік жақтары. Өз халқының әдебиетін мәдени мұра ретінде тани білуі, оны жинап бастыруы. Оның әлемдік үздік туындылардың қазақ халқының рухани игілігіне айналуына өз үлесін қосып, жасөспірімдерді адамгершілік рухта тәрбиелейтін шығармалардан аудармалар жасағандығы. (Л.Н.Толстой, К.К.Ушинский, И.Паульсон т.б. еңбектерін). Ыбырайдың ағартушылық көзқарастарының қазақтың дәстүрлі мәдениетімен және орыс педагогтары К.К.Ушинский, Н.А. Корф, Л.Н.Толстой т.б. тәжірибелерімен байланыстылығы. Ыбырайдың оқыту әдістемесіне қосқан жаңалықтары.

Қазақтың ағартушы - демократтарының халық санасын оятуға қосқан тарихи үлесі: Шоқан, Абай, Шәкәрім, С. Көбеев, Б. Өтетілеуов, С.Торайғыров, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев тағы басқалар.

Кеңестік дәуірдегі әдебиетті оқыту әдістемесінің дамуындағы үш кезең:

1917-1927 жылдар. Әдебиет пәнінің кеңестік идеологияны орнықтырушы қоғамтану пәні ретінде оқытылуы. Мақсаты мен міндеттері.

1928-1938 жылдар. Отызыншы жылдардың басында әдебиеттің мектептік жүйеге негізделмеген тарихи-әдебиеттік курс ретінде оқытылу себептері. Оның зиянды зардаптары.

БКП (б) орталық комитетінің 1931-1932 жылдардағы «Бастауыш және орта мектептер» туралы қос қаулысының мектепте әдеби білім беруді жетілдіру, арнайы бағдарламалар, оқулықтар арқылы оқыту тиімділігін арттырудың бағыт-бағдарын белгілеп бергендігі.

Отызыншы жылдардың екінші жартысындағы әдебиетті оқытудың әдебиеттік оқу, тарихи-әдебиеттік курс ретінде алғаш рет жүйелеп берген бағдарламалардың мазмұны мен құрылысы.

1970-1990 жылдар. КСРОда халыққа білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру, дамыту мақсатындағы 1958 және 1985 жылдардағы мектеп реформалары. Бұл реформалардың мектепте әдеби білім беру ісін жетілдіруге тигізген әсері.

1970-1990 жылдарда әдебиеттің мектепте оқытылу жайы. Орыс әдебиетін оқытудағы әдістемелік тәжірибелердің қазақ мектебіндегі әдебиетті оқыту ісін жетілдіруге және ғылыми-әдістемелік зерттеулердің қанат жаюына тигізген әсер-ықпалы.

1970-1972 жылдардағы «Литература в школе» журналының бетіндегі оқыту сапасын жақсарту, оқытудың жаңа әдістерін іздестіру мақсатындағы пікірталастардың маңызы.

Әр кезеңде мектепке арналған әдебиет пәні бағдарламалары мен оқулықтарын жасаудағы С.Сейфулин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, С.Қирабаев, Ш.Кәрібаев, Т.Ақшөлақов т.б. еңбектері. Әдебиетті оқыту әдістемесінің негізін қалаудағы Ә.Қоңыратбаев пен А.Көшімбаевтың алатын орны. Оларда ғылыми-әдістемелік мұрасы.

1990-2000 жылдардағы еліміздегі жалпы және орта білім беру жүйесіндегі түбегейлі бетбұрыс. Оның тарихи әлеуметтік себептері.

Қазақтың ұлттық мектебі тұжырымдамасының дүниеге келуі. Ұлттық мектеп тұжырымдамасы ұсынған болашақ мектеп үлгісі мен білім берудегі жаңа жүйенің кеңестік білім жүйесінен айырмашылықтары. Қазақ мектебінің жаңа үлгісін белгілеп берген тұжырымдама негізінде әдеби білім тұжырымдамасының жасалғандығы (1991,1997жж). Әдеби білім мазмұнын жаңарту бағытындағы жаңа ұстанымдар мен құндылықтар.

Оқытудың жаңа технологиясы. Оның еліміздегі ғылыми-әдістемелік ізденістерді байыта түсуге тигізген ықпал- әсерлері.

Әдеби білім берудегі модульдік жүйе. Оның өзіндік ерекшеліктері. Ғылыми - әдістемелік басылымдар: «Қазақ тілі мен әдебиеті», Қазақстан мектебі» журналдары мен Қазақстан мұғалімі» газеті. Олардың мұғалім біліктілігін арттырудағы рөлі.

Жалпы білім беретін мектептегі әдебиет курсының мазмұны мен құрылысы

Әдебиет оқу пәні ретінде халықтың көркем тарихын оқып үйрену арқылы оқушылардың рухани дүниесінің қалыптасып, дамуын көздейтіндігі. Мектептік әдебиет курсының көркемөнердің өмірмен байланысы, өнердегі түр мен мазмұн бірлігі, өнердің тарихилығы, халықтығы турасындағы теориялық, методологиялық принциптерге негізделетіндігі.

Әдебиет пәні бағдарламасының мемлекеттік құжат ретіндегі қызметі. Оның әдебиеттану, педагогикалық-психология, оқыту әдістемесі т.б. ғылымдардың

методологиялық принциптеріне сүйене отырып жасалатындығы. Көркем шығарманы сыныпта, сыныптан тыс уақыттарда оқып-үйрену мәселелері, оқушының білім-білік дағдыларына қойылатын талаптар, т.б жөніндегі нұсқаулары, әдістемелік аппараты. Ерекше жағдайларда мұғалімнің бағдарламаны шығармашылықпен жетілдіріп пайдалана алатыны.

Бастауыш(I-IV), базалық білім (V-IX) сыныптарында берілетін әдеби білім көлемі, өтілу принциптері мен мақсаты, X-XI сыныптардағы тар ихи-әдебиеттік курстың ғылыми негіздері, мақсаты, әдістемелік құрылымы. Базалық білім беру және тарихи-әдебиеттік курстар негізіндегі тарихи әдеби білім берудің дамыта оқыту (сатылай, сұрыптай оқыту), көрнекілік, саналылық пен белсенділік, жүйелілік пен бірізділік т.б. принциптері.

Әдебиет пәні бағдарламаларын мемлекеттік білім стандарты талаптарына сай жетілдіру, білім мазмұнын жаңарту бағытындағы соңғы кездегі әдіскер ғалымдардың ізденістері.

V-IX сыныптар курсы. Бұл сыныптардағы оқушылардың психологиялық ерекшеліктері. Жас ерекшеліктері мен өмірлік, оқырмандық тәжірибе өлшемдерінің әдеби-эстетикалық түсінігін айқындауға тікелей қатынастылығы. Орталау сынып оқушыларының жас ерекшелігіне қатысты мәселелердің бағдарламада ескерілу қажеттігі. Осыған орай V-IX сыныптарға арналған әдебиет пәні бағдарламасының сатылы жүйелеу принципіне негізделгендігі. X сыныпта оқылатын шығармалардың оқушылардың ұлттық рухани санасын, тарихи танымын, адамгершілік-эстетикалық көңіл-күйлерін қалыптастыруға ықпалы.

V сыныпта әдебиеттік оқытудың бастауыш оқумен сабақтастығы. V-IX сыныптардағы базалық білім курсы.

Базалық білімнің екі сатыда өтетіні : V- VII сыныптардағы әдебиеттік оқу, оның негізгі мақсат-міндеттері, жанрлық-хронологиялық принциптері.

VIII-IX сыныптардағы әдеби білімнің әдеби-тарихи негіздегі бастауыш курс болып белгілену шарттары. Тарихи-хронологиялық принциптері.

Оқу аймағына кіретін әдеби материалдардың мазмұны.

Көркем шығарманы оқып-үйренуде оның идеялық-көркемдік ерекшелігіне баса назар аударылатыны. Пәнаралық байланыс. Оның әдеби білім беру процесіндегі шешуші рөлі.

Оқушының ауызша және жазбаша тілін дамытудың шығармашылық белсенділігі мен өзіндік ізденістеріне байланыстылығы және осыған байланысты жүргізілетін жұмыс түрлерінің маңызы.

X-XI сыныптар курсы. Тарихи-әдебиеттік курсты оқытуда X-XI сынып оқушыларының жас ерекшелігін ескеру қажеттігі.

Жоғары сыныптардағы (X-XI) тарихи-әдебиеттік курстың базалық білім курсымен (V-IX) тығыз сабақтастығы. Әдебиеттің тарихи курсының аталған сыныптарда кезең-кезеңімен белгілі бір хронологиялық жүйеде оқытылатыны. Базалық білім курсынан тарихи-әдебиеттік курсқа өту процесінде әдеби білім көлемінің бірте-бірте ұлғая, күрделене түсетіндігі. Ақын-жазушының өмірі мен шығармашылығы және нақты шығармасы идеялық-көркемдік ерекшеліктеріне сай сараланып, жан-жақты талданатыны.

X-XI сыныптардағы әдеби материалдардың шолу және монографиялық формада болуының негізгі себептері. X-XI сыныптар үшін ұсынылған әдеби шығармаларды мүмкіндігіне қарай тұтастай оқу. XI сыныптағы білім мазмұнының сипаты. Жоғары сыныптарда әдебиетті оқытуда әдебиеттану ғылымының жетістіктерін пайдаланудың тиімді жақтары.

Шетел және туыстас халықтар әдебиетін оқыту ерекшеліктері.

Әдебиетті оқытудағы базалық білім курсы мен тарихи- әдеби жоспарлау әдістері

Сабақта өтілетін көркем шығарманы алдын-ала жоспарлаудың оқушының жүйелі әдеби-эстетикалық түсінігін қалыптастырудағы рөлі. Календарлық, тақырыптық, сабақ жоспарларын жасау әдістемесі. Тақырыптың және сабақ жоспарларының құрылымы.

Сабақ түрлері. Жаңа сабақ, қайталау, бекіту сабақтары. Дәстүрлі емес сабақтар: экскурсия, баспасөз, сайыс, дуэт, кітапханалық, мұражайда өтетін сабақтар т.б. Мұғалімнің сабаққа әзірлігіне қойылатын талаптар.

Әдебиет оқулықтары мен оқу құралдары. Олардың педагогикалық-психологиялық, оқыту әдістемесі ғылымдарының соңғы жетістіктеріне сай жетілдіріліп, толықтырылып отыратыны. Оқулыққа енгізілген шығармалардың оқушылардың жас ерекшелігіне, оқырмандық қызығушылығына сәйкестендірілуінің маңызы. Мектептік әдеби білім жүйесіндегі екі сатылы оқытуға байланысты екі типті оқулықтардың пайдаланылу себептері. Оқулықтың мазмұны мен нұсқаулардың, мұғалім кітапханасының, т.б. сериялы ғылыми-әдістемелік, ғылыми танымдық әдебиеттердің оқушыға әдеби білім берудегі пайдасы.

Әдебиетті оқыту әдістері

Әдебиетті оқытудың ғылымилығы және сөз өнері ретіндегі жетекші методологиялық принциптерге сүйенетіндігі. Сол принциптерден туындайтын әдістемелік принциптер.

Әдебиетті оқыту процесі. Оқытудағы әдістердің алатын орны, қызметі. Әдебиетті оқыту әдістерінің мұғалім мен оқушының бірлескен еңбегін тиімді ете түсетіндігі.

Оқытудың ауызекі әдістері: әңгіме, лекция, баяндау, пікірлесу т.б.

Оқытудың көрнекілік әдістері: кесте, ауызша журнал, схема, буклеттер, техникалық құралдар, оқу фильмдері, телесабақтар, иллюстрация, демонстрация. Олардың оқушының әдеби қабілетін дамытудағы орны.

Оқытудың практикалық әдістері: ауызша, жазбаша жаттығулар.

Олардың әдеби білімді бекітудегі рөлі.

Әдебиетті оқыту әдістерінің топтары. Скаткин, Лернер, Кудряшов, т.б ғалымдар ұсынған оқыту әдістерінің 5 түрлі жүйесі. Оқыту әдістері мен тәсілдерінің көптүрлілігі. Әдістердің шәкірттердің ой белсенділігін арттырудың қызметі. Проблемалап оқыту (М.И.Махмутов т.б.), саралап оқыту (И.Э.Унт т.б.), дамыта оқыту (Ю.Б.Элкониң). Саралап оқыту оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуына, жан-жақтылығына негізделетіндігі.

Мұғалімнің оқыту әдістерін таңдауына оны шығармашылықпен қолдана білуіне қойылатын талаптар. Оқыту технологиясының құрылымы: мақсаты, мазмұны, әдістері мен тәсілдері, нәтижесі, оқыту технологиясы мен әдістемесінің мақсаты бір екендігі, оқытудың тиімді жолдарын қарастыратындығы, инновация оқу білім беру жүйесіндегі жаңа үлгідегі әдіс әрекеттер екендігі. Әдебиетті оқытудың шығармашылық оқу, эвристикалық, зерттеу, репродуктивтік әдістері.

Шығармашылық оқу әдісі. Бұл әдістің әдебиеттің сөз өнері әрі ғылыми ретіндегі табиғатын тереңдей түсінуге қолайлылығы. Бұл әдісті қолдануда шәкірттердің әдеби қабілеттерін шыңдауына, ықылас-зейінін көркем шығарманың ішкі микроқұрылымына бағыттауына мүмкіндік алатындығы.

Шығармашылық оқу әдісінің мұғалімнің мәнерлеп оқуы, көркемсөз оқушы шеберлердің көркем шығармадан үзінді оқуы мұғалімнің көркем мәтінді оқи отырып түсінік беруі, мұғалім мен шәкірттердің оқылған шығарма туралы өз әсерлерін бөлісуі, әрі қарай бағыт-бағдар беру мақсатындағы пікірлесу тағы да басқа тәсілдер арқылы жүзеге асырылатыны.

Эвристикалық әдіс. Бұл әдістің қазіргі педагогика ғылымы мен мектепте оқытуды эвристикалық пікірлесу арқылы ұйымдастырудың түрі екендігі. Бұл әдістің көркем шығарманы оқытудағы шығармашылық әдіспен

сабақтастығы, бірін-бірі толықтыратындығы. Көркем мәтінді талдауда шәкірттің интеллектуалдық ойлау қисынын қалыптастыратыны.

Әдеби шығарманың бойындағы адамгершілік, отаншылдық, философиялық, т.б. құндылықтар жөнінде шәкірт түсінігін қалыптастырудағы эвристикалық әдістің орны. Эвристикалық пікірлесу, оның әдеби материалды меңгертудегі пайдалы жақтары. Эвристикалық әдісті жүзеге асыратын тәсілдер.

Зерттеу әдісі. Зерттеу әдісінің оқушылардың алдына жоғары дәрежедегі теориялық және практикалық зерттеу міндеттерін қоятындығы. Оқушылардың әдеби материал жөнінде дерек жинау (тәжірибе жасау, эксперимент, бақылау, кітаппен жұмыс тағы да басқалар) және оны жүйелеу, жинақтау, теориялық талдау жасау қабілетінің зерттеу әдісін қолдану процесінде қалыптасып дамытындығы. Бұл әдістің эвристикалық әдіспен сабақтастығы, айырмашылықтары. Зерттеу әдісінің сыныптағы әдебиет сабақтарында тұрақты қолданыла бермейтіндігі.

Арнайы теориялық проблема төңірегіндегі жеке зерттеу жұмысын жүргізуге лайықтылығы. Зерттеу әдісінің жас шәкірттерді ғылымға бейімдеудегі рөлі.

Репродуктивтік (жаңғырмалы) әдіс. Бұл әдістің мұғалім басшылығымен жүзеге асырылатыны. Оны қолдану процесінде оқушының білімді мұғалімнің лекциясынан, оқулықтан, қосымша әдебиеттерден дайын күйінде алатыны. Білімді берілген даяр қалпында қабылдау арқылы екінші жақтың ойын ұғып, қабылдауға, еске сақтауға үйрететіндігі. Репродуктивтік (жаңғырмалы) әдісті жүзеге асыратын тәсілдер.

Әдебиет пәнінің мұғалімі

Әдебиет пәнінің мұғалімі және оның адамдық азаматтық, ұстаздық келбеті. Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Көбеев, Қ. Айтқалиев, Қ. Бітібаева тағы да басқа қайраткер ұстаздардың мұғалімдік тәжірибелері, озық өнегелері.

Әдебиет пәнінің мұғалімі және уақыт талабы.

Оқушылардың көркем шығарманы қабылдау процесіндегі жас ерекшелігі мәселесі

Мектепте берілген әдеби білімнің жалпы бағыт-бағдары, шеңбері, оқу аймағы, оқушының жас ерекшелігіне, оқырмандық қабылдауына сәйкес белгіленетіні.

Оқушының көркем шығарманы қабылдауының психологиялық негіздері. Бұл туралы психологтар мен әдіскер ғалымдар пікірлері.

Орта (V-IX), жоғары (X-XI) сынып оқушыларының жас айырмашылығына, әдеби қабылдауына тән психологиялық ерекшеліктер.

Дарынды оқушылар. Олардың әдеби дамуының жас ерекшелігіне қатысты қалыптасқан психологиялық қағидаларға, ұғым-түсініктерге бағына бермейтіні. Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлері.

Көркем шығарманы оқыту

Мектепте әдеби білім беру заңдылықтарын сақтаудың міндеттілігі (әдеби білім тұжырымдамасы, бағдарлама, оқулық, т.б.). Пәннің функционалдық қызметінің толықтығының сақталуы, білімді ізгілендіру, оқу-тәрбие ісін демократияландыру, әдеби білімнің жүйелілігі мен үзіліссіздігі, ғылымилығы, оқушы жас ерекшелігіне лайықтылығы, түсініктілігі, тарихилық ұстанымы, пәнаралық байланыс т.б.

Көркем мәтінді меңгертуде мәнерлеп оқи білуге үйретудің маңызы. Мазмұндау, оның түрлері. Мәтінді меңгертудің талдау-жинақтау арқылы жүргізілетіні.

Көркем шығарманың сыныптар жүйесі бойынша белгіленген әдеби білім көлеміне сай талдау арқылы жүзеге асатындығы. Мектептік талдаудың оқушының әдеби қабілетін дамытуға қызмет ететіні. Көркем шығарманы талдаудың педагогикалық принциптері. Талдаудың әдебиетті оқытуда кеңінен қолданылып жүрген түрлері.

Образ бойынша талдау, оның өзіндік ерекшелігі. Тақырыптық талдаудың тиімді жақтары. Проблемалық талдау. Проблемалық талдаудың оқушыны көркем туындының ішкі әлеміне бойлатудағы айрықша қызметі. Тұтас талдаудың шығармадағы авторлық позицияны көре білуге қолайлылығы. Талдау түрлерінің өзара сабақтастығы.

Эпикалық шығармаларды оқыту. Эпикалық шығармаларды оқытуды ұйымдастыру. Шағын, орта, кең көлемді эпикалық түрге жататын шығармаларды оқыту әдісіндегі өзгешеліктер.

Ү-ҮІІ, ҮІІІ-ІХ, Х-ХІ сыныптарда көркем шығарманы талдауға қойылатын талаптар. Проблемалық оқыту, оның эпикалық шығармаларды меңгертудегі тиімділігі. Проблемалық сұрақтардың қызметі. Проблемалық ситуация туғызудың әдіс-тәсілдері. Оқытудың проблемалы түрінде іздену принципінің басым болады, өздік жұмыстар орындалады, оқушылардың ойлау қабілеті дамиды, шығармашылық қиял, әр түрлі болжамдар туындайды т.б. Көркем шығарманың көркемдік құндылығы мен тәрбиелік құнарының жан-жақты ашылатыны.

Шығарманың сюжеттік-композициялық желісіне талдау жасау жолдары. Көркем мәтінмен жүргізілетін ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарының түрлері. Тіл дамыту жұмыстарының оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы қызметі.

Эпикалық шығармаларды оқытудағы белгілі әдіскер мұғалімдердің кең тараған әдістемелік тәжірибелері.

Драмалық шығармаларды оқыту. Драмалық шығармалардың жанрлық ерекшеліктеріне тән заңдылықтарымен таныстыру. Драмалық шығармалардың мәтінімен жүргізілетін жұмыс түрлері.

Драмалық шығармаларға тікелей қатысты акт, көрініс, шегініс, монолог, диалог, ремарка, т.б. әдеби-теориялық ұғымдар қызметі.

Драмалық шығармалардың көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасау жолдары. Драмалық образ, оның көркемдік бітіміне тән ерекшеліктерге назар аударту. Пьесаны сахналық қойылымға айналдырудағы драматург, режиссер, актер, суретші еңбегі.

Драмалық қойылымдағы декорация, музыкалық көркемдеу т.б. жұмыстардың пьеса мазмұнын күшейтудегі қызметі.

Мектеп жағдайында драмалық шығармаларды оқытудағы әдістемелік тәжірибелер.

Лириканы оқыту. Лириканы мектепте оқытуға арналған әдіскер ғалымдардың еңбектеріне шолу.

Лириканы оқыту әдістемесі шығарманың тақырыптық идеялық мазмұнына, эстетикалық-көркемдік қуатына, сабақтың оқу-тәрбиелік міндеттеріне сай белгіленетіні. Лирика, ондағы ақындық тіл ой нақтылығымен, табиғи бояуымен, суреткерлік қуатымен сабақ көрнекілігін қамтамасыз ететіндігі.

Ү-ҮІІ сыныптарда лириканы оқыту әдебиеттік оқу сипатында ұйымдастырылатыны. Мәнерлеп оқу және оның лириканы оқып –үйретудегі айрықша қызметі. Мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлері.

ҮІІІ-ІХ сыныптардағы көркем оқу. Бұл сыныптарда оқушы қызығушылығының лирикалық шығарманың азаматтық үніндегі, әлеуметтік мазмұндағы астарларға, жеке сөз, сөз тіркесіндегі, тұтас сөйлемдердегі көркемдік бояуларды, эмоциялық реңктерді қабылдау қабілетін дамытуға бағытталатындығы. Лириканы оқытудағы басты мәселе мазмұн мен форма бірлігін сақтау. Лирикадағы философиялық-эстетикалық, поэтикалық ой арқауын түсіну, шығармадағы шынайы сезім биігін ұғу.

Х-ХІ сыныптарда тарихи-әдебиеттік курс табиғатына сай лириканы

оқытудың күрделене түсетіндігі. Лирикалық өлеңнің ақын шығармашылығымен тығыз бірлікте әрі жан-жақты талданатыны.

Әдебиет сабақтарында көркем шығармамен жұмыс істеу кезеңдері

Сабақ және оның кезеңдері. Кіріспе сабақ, көркем мәтінмен жұмыс кезеңі, қорытынды сабақ.

Кіріспе сабақтар. Ерекшеліктері. Сабақ процесіндегі алатын орны. Оларды ұйымдастыруға қойылатын әдістемелік талаптар. Кіріспе сабақтардың дұрыс ұйымдастырылуы. Оларға бөлінетін уақыт мөлшері. Кіріспе сабақтарда көркем шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне қатысты мәселелердің ескерілетіні.

Жазушы өмірі мен шығармашылығына шолу, тақырыптарды, монографиялық тақырыптарды өтуге қатысты кіріспе сабақтар. Көркем мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңнің сабақтың кіріспе бөлігімен сабақтастығы. Оқушының мұғалім тапсырмасымен көркем шығарманы алғаш рет өз бетімен оқуының маңызы. Осы өздік оқудағы алғашқы қабылдау нәтижелерінің сыныпта көркем мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлерін белгілеуге негіз болатыны. Орталау сыныптардағы көркем мәтінмен жүргізілетін мәнерлеп оқу, мазмұндау, салыстырмалы талдау, т.б. жұмыстар кешені.

Жоғары сыныптарда көркем шығарманы оқып-үйретудің жан-жақты талдау арқылы меңгерілетіні.

Талдау түрлері. Мұғалім нақты шығарманы талдау түрін әдеби шығарманың көркемдік табиғатындағы белгілерге сүйеніп айқындайтыны. Көркем мәтінді талдаудың көптүрлілігі. Оқыту әдістерінің талдау нәтижелерінің мазмұнына қарай белгіленетіні.

Қорытынды сабақтар. Олардың кіріспе сабақтармен, көркем мәтінмен жұмыс кезеңімен тығыз сабақтастығы. Қорытынды сабақтардың көркем шығарманы талдаудың шешуші кезеңі екендігі. Алдыңғы сабақтарда берілген әдеби білімнің қорытынды сабақтарда бекітілетіні. Бекіту сұрақтарының орны.

Жазушы өмірбаянын оқыту. Көркем шығармада жазушының өміртанымы, көзқарасы, мәдени - рухани деңгейі, эстетикалық мұратының, қаламгерлік қолтаңбасының көрініп тұратыны. V-IX сыныптарда жазушы өмірбаяны оқытылып отырған көркем туындыға қатысты кіріспе әңгіме түрінде өтілетіні. X-XI сыныптарда оның жазушының өмірі мен шығармашылығы түрінде жан-жақты талданып оқылатыны. Жазушының қоғамдық, тарихи- әлеуметтік қызметіне қатысты деректерді меңгертудің жолдары. Ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқытуға арналған әдістемелік еңбектерге шолу.

Шолу тақырыптарды оқыту. Шолу тақырыптарының белгілі бір кезеңге жататын әдебиет өкілдерінің шығармашылығын өтуге баспалдақ міндетін атқаратындығы. Оларда әдебиеттің даму процесі қоғам өмірімен байланыста қарастырылатыны. Шолу тақырыптарын өтуге қажетті маңызды тарихи-әдеби материалдарды тандап алудың өлшемдері мен әдістемесі. Оқылатын тақырыпқа сай қосымша әдебиеттерді пайдаланудың маңыздылығы.

Шолу тақырыптарының түрлері, олар бойынша жүргізілетін жұмыс формалары. Жоғарғы сыныптарда шолу тақырыптарын өтуде әдебиеттерді оқыту әдістерін пайдаланудың тиімді жолдары.

Шолу тақырыптарын оқыту әдістемесі туралы еңбектерге шолу.

Сабақта әдеби-сын мұраларды пайдалану. Жоғары сыныптарда көркем шығарманы оқытуда әдеби-сын еңбектерін пайдаланудың қажеттігі. Оларды пайдалану тәсілдері.

Әдебиет теориясы мәселелерін оқыту. Көркем шығармадағы әдеби-теориялық ұғымдардың қолданысы жазушының сөз қолданыс өнерін айқындайтыны. Әдеби-теориялық ұғымдарды меңгерту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері. Әдеби-теориялық ұғымдарды танытудың әдіс-тәсілдері. V- IX сыныптарда әдебиеттен берілетін теориялық ұғымдардың көлемі.

Әдеби бағыттар. Бұлардың пайда болу, дамуы мен қалыптасуының тарихи әлеуметтік себептері. Реализм мен романтизм ұғымдарының әдеби шығармадағы көрінісі. Әдебиет теориясын оқытуға қатысты еңбектерге шолу.

Әдебиет сабағы

Әдебиет сабағы және оның мектептік пәндер жүйесіндегі орны. Оқу қызметін ұйымдастырудағы мақсат-міндеттері. Әр сабақтың өз тұжырымдамасы, логикасы, білімділік, тәрбиелік бағыт-бағдары болатыны. Сабақтың өзіне дейінгі, өзінен кейінгі сабақтармен үзіліссіз, біртұтас білімділік жүйе құрайтындығы. Мұғалімнің сабақ процесіндегі ізденісі, шығармашылық қызметі. Сабақтың мұғалім-сынып-оқушы қызметіне қатысты дидактикалық принципке негізделетіні.

Қазіргі кездегі әдебиет сабағына қойылатын талаптар. Әдебиет сабақтары, оның ұйымдастырылуы жөніндегі еңбектерге шолу.

Әдебиет сабағындағы тіл дамыту жұмыстары. Өзіндік ерекшелігі. Тіл дамыту сабақтарындағы пәнаралық байланыс қызметінің маңызы. Мәнерлеп оқу, ауызша мазмұндау жұмыстарының оқушы тілін дамытудағы рөлі. Оқушыны шешендік өнерге баулудың тіл дамыту жұмыстарына қатыстылығы. Әртүрлі жанрдағы шығармаларды оқыту процесінде жеке сөз, сөз тіркестері, сөйлемдермен, образдармен жұмыс істей білуге баулу.

Жазба жұмыстар арқылы тіл дамыту. Жазба жұмыстарының түрлері. Шығарма жазу арқылы оқушының аналитикалық ойлау жүйесінің қалыптасатыны. Оқушыны шығарма жазуға үйретудің әдістемелік тәжірибелері. Мазмұндама жаздыру. Оның оқушының әдеби материалдарды еске сақтау және жүйелі әрі бейнелі мазмұндау тілін қалыптастыратыны.

У-УІІ, УІІІ-ІХ сыныптардағы шығарма жұмыстарының спецификасы, Х-ХІ сыныптардағы тақырыптық, бағдарламалық, шығармашылық, публицистикалық шығарма түрлері. Шығарманың оқушының жазу тілін қалыптастыруға әсер-ықпалы.

Оқушы білімін есепке алу мен бағалау. Әдебиет сабақтарындағы оқушыға білім беру мен білімді бағалаудың біртұтастығы. Оқушы білімін бағалаудың шығармашылық сипаты. Оқушы білімін бағалаудағы күнделікті бағалау мен қорытынды бағалаудың мәні оның оқушы білімін тереңдетудегі рөлі. Білімді әділ бағалаудың оқушының моральдық-психологиялық тұрпатын қалыптастырудағы эстетикалық және тәрбиелік әсер-ықпалы.

Үйге тапсырма беру, оны тексеру мен бағалаудың критерийлері. Тапсырма түрлері. Оқушының білім сапасы жыл бойы тоқсандық, жылдық көрсеткіштері негізінде бақыланатыны. Оқушы білімін есепке алу мен бағалаудағы әдебиет пәні мұғалімінің жауапкершілігі.

Әдебиет сабағының көрнекілігі. Әдебиет сабақтарында көрнекіліктерді пайдаланудың мақсаты. Көрнекіліктерді сыныпта, сыныптан тыс жұмыстарда, факультатив сабақтарда пайдаланудың елеулі айырмашылықтарының болатыны. Мұғалімнің көрнекіліктерді сыныпта әдеби білім берудің мақсатына орай таңдап алатыны. Көрнекіліктердің түрлері (көру, есту, синтетикалық т.б.) және оларды әдебиет сабақтарында пайдалану тәртібіне қойылатын талаптар.

Сабақта пайдаланылатын техникалық құралдардың түрлері, олардың әрқайсысының қызметі. Әдебиет сабақтарында көрнекіліктер мен техникалық құралдарды пайдаланудың шегі. Оның әдебиет пәнінің сөз өнері ретіндегі өзіндік ерекшелігіне, табиғатына қатысты жақтары.

Сабақта көрнекіліктер мен техникалық құралдарды пайдалану мәселесіне арналған ғылыми-әдістемелік еңбектерге шолу.

Әдебиет пәні бойынша сыныптан тыс оқу және сыныптан тыс жұмыстар

Мектеп оқушысына сыныпта әдеби білім беру ісі сыныптан тыс оқу, сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүргізілетіні. Мерекелік датаға арналған әдеби шаралар, поэзия кештері, әдеби конференциялар, әдебиет үйірмесі, т.б. жұмыстар оқушының шығармашылық белсенділігін арттыратыны. Бағдарламалық материал негізінде оның көлемін кеңейту, сыныптан тыс жүргізілетін әр түрлі жұмыстар арқылы іске асырудың жолдары.

Сыныптан тыс оқу. Оның сыныптағы әдебиет сабақтарымен тығыз байланыстылығы. Сыныптан тыс оқуды жылдық жоспарлаудың тиімділігі. Оны ұйымдастырудың тәсілдері. Оқушылардың әдеби білімі аясының кеңеюі, әдебиеттің идеялық, эстетикалық мән-мағынасына терең бойлап, түсінуі оқырмандық қызығушылығының қалыптасуы сыныптан тыс оқумен толықтырылады. Сыныптан тыс оқуға басшылық жасаудағы пән мұғалімі мен кітапханашының және ата-ананың рөлі. Сыныптан тыс оқуға қатысты әдіскер ғалымдардың еңбектеріне шолу.

Факультативтік сабақ. Оның сыныптағы әдебиет сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстардың арасын жалғастырушылық сипаты. Ерекшеліктері. Арнаулы бағдарлама арқылы жоғары сыныптарда өтілетіні. Факультатив сабақтарды жүргізудің әдістемес

Мұғалім даярлау жүйесіндегі педагогикалық практика

Педагогикалық практика - студенттерді мұғалімдік мамандыққа баулудағы жауапты кезең. Студент университет қабырғасында алған білімдерін практикамен ұштастыру. Әрбір практикант студенттің мемлекеттік практикадан өту кезеңінде атқаруға міндетті оқу-тәрбиелік шаралары:

- мектептік әдеби білім талаптарына сай орталау (У-ІХ) сыныптардағы әдебиеттік оқу курсын оқушы мен мұғалімнің бірлескен шығармашылық еңбегі негізінде ұйымдастыра білу. Әрбір сабақты оқушының пәніне деген сүйіспеншілігін арттыру,

қызығушылығын ояту, әдеби-эстетикалық түсінігін қалыптастыру мақсатына құру;

- жоғары сыныптағы (Х-ХІ) тарихи-әдебиеттік курсты оқытуда оқушы бойында көркем шығарманы оқып-үйренудің, талдаудың, мәтінмен өз бетінше жұмыс жүргізе білудің білімдік-тәрбиелік дағдыларын қалыптастыру, эстетикалық деңгейін көтеру;

- әдебиетті оқытудың мектеп тәжірибесінде қалыптасқан әдіс-тәсілдерін оқытудың жаңа технологиясымен тиімді ұштастыра білу;

- өзі бекітілген сынып оқушыларының мінез-құлқы, әдебиетке бейімділігі, оқырмандық қабылдау дәрежесі т.б. мәселелер бойынша тұрақты бақылау жүргізу. Алынған нәтижелерді сабақ процесінде, сыныптан тыс жұмыстар кезінде тиімді пайдалана білу жолдары;

- практика барысында пән бойынша ашық сабақтар, сынып жетекшісі ретінде ашық тәрбие сабақтарын өткізу.

- мектеп басшылығымен, педагогикалық практикаға жетекшілік жасаушы ұстаздармен педагогикалық практика кезеңінде тығыз байланыста ынтымақтаса жұмыс істеу.

- педагогикалық практиканың қорытындысы бойынша мектепте және университетте арнайы конференциялар өткізу, жетістік, кемшіліктер жайында төменгі курс студенттеріне насихаттау.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Орта мектепте әдебиетті пән ретінде оқыту мәселелері. Оқушылардың қазақ әдебиеті пәнінен алатын білім аясының ұлттық құндылықтарға негізделген ғылым салаларымен байланысы.
2. Әдебиетті оқыту әдістемесінің тарихы: қадым мектебі, жәдит мектебі, медреселік білім беру жүйесі.
3. Ы. Алтынсариннің демократиялық ағартушылық мектебі.
4. Кеңес өкіметі кезіндегі қазақ әдебиетін оқытудың тарихи тәжірибесі
5. Көркем шығарманы жанрлық ерекшелігіне қарай оқыту.
6. Драмалық шығармаларды оқыту барысында сценарий, сценировка құрастыру.
7. Мәнерлеп оқу мәселелері /психологиялық, грамматикалық, логикалық кідірістер/.
8. Пәнаралық байланыс.
9. Оқытудың түрлері /ұжымдық, даралап, саралап оқыту/
10. Шығарма жаздыруға төселдірудің жолдары.
11. Шағын эссе, сыр толғау жаздырту арқылы шығармашылық жұмыстарға бағыттау.
12. Көркем мәтінмен жұмыс.
13. Әдебиет теориясынан берілетін ұғымдарды меңгерту.
14. Көркем шығарманы терең талдаудың сатылары.
15. Тіл дамыту жұмыстары: а/реферат қорғау, шығарма жазу; ә/аннотация, тезис, баяндама, т.б. жазу дағдыларын игеру.
16. Сыныптан тыс жұмыстар, олардың түрлері.
17. Сыныптан тыс оқу сабақтары.
18. Оқушылардың оқырмандық қызығушылығын арттырудың жолдары.
19. Модульдік оқыту жүйесінің ерекшелігі.
20. Әдебиетті оқытудың түсіндірмелі, проблемалық, репродуктивтік, эвристикалық, шығармашылық, зерттеу әдістері
21. Көркем шығарманы талдау түрлері
22. Шығармаға жоспар жасау/жай және күрделі жоспар/.
23. Абай өлеңдеріне әдеби талдау.
24. Абай өлеңдеріндегі жаңашылдық, Абайға дейінгі қазақ поэзиясында дәстүрлі болып қалыптасқан ұйқас, буын түрлері, мысалдар келтіру.
25. Жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесі
26. Әдебиет пәні бойынша апталықтар өткізу.
27. Көрке мәтін бойынша сөздік жұмыстарын жүргізу.
28. Оқушы білімін тексеру, бағалаудың жолдары.
29. Қайталау, қорытынды, жинақтау сабақтары.
30. Аударма шығармаларды оқыту мәселелері.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Әдебиет пәнінің эстетикалық пән ретіндегі мақсат-міндеттері
2. М. Мұқановтың «Жас және педагогикалық психология» еңбегіне талдау
3. М. Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңіне арнап эссе жазу
4. Мектептегі факультатив сабақтардың әдістемесі
5. Мектептегі қазақ әдебиеті кабинетін жабдықтау жолдары
6. Ә. Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасы» еңбегіне талдау
7. Шолу тақырыптарды оқыту әдістемесі
8. Орталау сыныптарда лириканы талдау әдістемесі
9. А. Көшімбаевтың «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» еңбегіне талдау
10. Жоғарғы сыныптарда прозалық шығармаларды талдау әдістемесі
11. Әдебиеттен сыныптан және мектептен тыс жұмыстардың әдістемесі

12. Қ. Бітібаеваның «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» еңбегіне талдау жасау
13. Оқушыларға әдеби білім берудегі жас ерекшелігі мәселесі
14. Голубковтың «Методика преподавания литературы» еңбегіне талдау
15. 5-сыныпта Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесін проблемалық оқыту әдісі арқылы оқыту
16. Оқушыларға шығармадағы әдеби-теориялық ұғымдарды меңгерту жолдары
17. 11-сыныпта «Абай жолы» романын эвристикалық әдіс арқылы оқыту
18. Әдебиет сабақтарындағы репродуктивтік әдіс
19. Тіл дамыту және тіл ұстарту сабақтарына қойылатын талаптар
20. Конның «Психология старшекласника» еңбегіне талдау жасау.

СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН БІРЛЕСІП АТҚАРАТЫН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

ӨЗІНДІК

1. Әдебиетті оқытудың теориялық-әдістемелік негіздері
2. Әдеби білім берудегі пәнаралық байланыс
3. Қадым мектебінің білім берудегі орны
4. Жәдитше оқытудың әдеби білім берудегі тарихи тәжірибесі
5. Медреселік білім беру жүйесінің прогресшіл маңызы
6. Алтынсариннің әдебиетті оқытудағы тарихи тәжірибесі
7. Абайдың ағартушылық көзқарастары
8. Әдеби білім берудегі әдебиеттік оқу
9. Жоғарғы сыныптардағы тарихи-әдебиеттік курс
10. Ә. Қоңыратбаевтың әдістемелік мұрасы
11. А. Көшімбаевтың әдіскерлік тәжірибесі
12. Жазба жұмыстардың түрлері: мазмұндама, шығарма жазу әдістемесі
13. Әдебиетті оқыту әдістері
14. Көркем шығарманы талдау түрлері
15. Әдебиетті модульдік оқыту технологиясы
16. Ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқыту әдістемесі
17. Қ. Бітібаеваның әдістемелік мұрасы
18. Әдеби шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне қарай оқыту жолдары
19. Көркем шығарманы талдаудың кезеңдері
20. Т. Ақшолақовтың әдістемелік мұрасы

Пайдалануға ұсынылатын әдебиет

Негізгі әдебиеттер:

1. Мемлекеттік білім стандарты. А., 2000.
2. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. А., 2000.
3. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V-4. X-XI сыныптар. А., Рауан, 1999.
5. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. А., Мектеп 1985.
6. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., Мектеп, 1969.
7. Ақшолақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. А., Мектеп, 1993.
8. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Рауан, 1997.
9. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері А., 1995.
10. Голубков В. Методика преподавания литературы. М., 1962.

Қосымша әдебиеттер:

11. Методика преподавания литературы (под ред.З.Я.Рез). М., 1985.
12. Маранцман Б., Чирковская Т. Проблемное изучение литературного произ-

- ведения в школе. М., Просвещение, 1971.
13. Рез.З. Изучение лирических произведений в школе. М., 1968.
 14. Кудрящов Н.Взаимосвязь методов обучения на уроках литературы. М., 1981.
 15. Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. А., Мектеп 1979.
 16. Дайырова Ә. Орта мектепте І.Жансүгіров творчествосын оқыту. А., 1969.
 17. Қалиев С. Мектепте Ғ. Мүсірепов шығармаларын оқыту жолдары А., 1974.
 18. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. А., 1981.
 19. Мақыпоров С. Әдебиеттен шығарма жұмыстары. 1981.
 20. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Көркем сөздің құдіреті. (Мектепте қазақ әдебиетін оқыту) Павлодар, 2000.
 21. Прессман Л. Кабинет литературы. М., 1975.
 22. Бадырақов Қ. Жоғары кластарда қазақ әдебиетінен тапсырмалар жүйесі. А., 1977.
 23. Рубинштейн С. Воспитание читательских интересов школьников. М., 1999.
 24. Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. А., 1999.
 25. Мырзағалиев Қ. Қазақ әдебиетінен IX класта шолу тақырыбын оқытуға арналған методикалық нұсқау. Орал, 1982.
 26. Абайдың тәлімгерлік тағылымы /Құрастырған: Ә.Дайырова/ А., 1996.
 27. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. А., 1994.
 28. Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. А., 1999.
 29. Карпов И.П., Н.Н.Старьчина Открытый урок по литературе/5-11кл/ М., 2002.
 30. Обернихина Г. А. Сочинение на литературную тему /Мет. пособие/ М., 1999.
 31. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии М., 1998.
 32. Жұмажанова Т.Қ. Қазақ әдебиетінен оқу- әдістемелік күнтізбелік жоспары. 6- сыныптар. А., 2003.
 34. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., 1998.
 35. Обернихина Г.А. Уроки литературы сегодня. М., 2000.
 36. Сманов Б. С.Мұқановтың «Ботакөз» романын оқыту А., 2000.
 37. Құсайынов А., Оқулықтану мәселелері. А., 2000.

Авторлары:

Жұмажанова Төкен - педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Әбдіғазизұлы Балтабай - филология ғылымдарының докторы, профессор
Тамаев Алпысбай - педагогика ғылымдарының кандидаты